

Жастар – болашақтың кепілі

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАННАН БАСТАП
ШЫҒА БАСТАДЫ

S **M** **S** **+**
Сана Мығде Санауай

№4 (41)

29 сәуір, 2013 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ



4-бет

Әкені асқар тау деп зор құрметке бөлеген, тәліміне құлақ асқан, асқақ беделіне бас ұрған. Сол күнгі қоғамдағы әкенің асқарлығы, өнегелі тұлғалығы, сөзінің өткірлігі бүгінде тарихтан оқып білетін көрнекілікке айналуына не себеп?



КӨЗ ТИЮ НАНЫМ – СЕНИМІНІҢ БҮГІНГІ ҚОҒАМДАҒЫ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ? ӘЛДЕ БҰЛ АДАМДАРДЫҢ САНАСЫНДАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ СЕНДІРУ АРҚЫЛЫ ЖЕТКЕН АЛДАМШЫ СЕЗІМ БЕ?

7-бет

**Дәстүрлі әнші
Амангелді ҚОЖАНОВ:
ЕУРОПАЛЫҚТАР
ТАБИЕГІ МУЗЫКАНЫ
БАҒАЛАЙДЫ**

**ҚАСИЕТІҢНЕН АЙНАЛАЙЫН ҚАМБАР АТА!
Жылқы малы алғаш рет қазақ
даласында қолға үйретіліпті.**

8-бет

6-бет



Қ. СӘТБАЕВТЫ ҰЛЫҚТАҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ

Қазақтың қасиетті Баянауыл топырағында дүниеге келіп, қазақ ғылымның сара жолын салып, алтын қазығын қадап кеткен белгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбектері бүгінде жас ғалымдар үшін бағалы қазына. 2001 жылдан бері жылда дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан «Сәтбаев оқулары» халықаралық конференциясының арқалаған жүгі ауыр. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылым көкжиегіндегі маңызды орынға ие болған конференция республиканың түкпір-түкпірінен, алыс-жақын шетелдерден ғылым жолында жүрген ізденімпаз жастардың басын қосады.

Биылғы жас ғалымдардың, студенттер мен мектеп оқушыларының «XIII Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференциясына Қазақстан, Ресей, Белоруссияның 15 қалаларынан (Астана, Алматы, Семей, Павлодар, Тараз, Мәскеу, Омбы, Минск және Тараз т.б.) келген жас ғалымдар, студенттер және оқушылар қатысты. Конференция жұмысы гуманитарлық, техникалық және жаратылыс бағыттарына сай 27 секция және секция бөлімшелері бойынша жүргізілді. Конференцияға жіберілген 2000-ға жуық ғылыми баяндамалар мен мақалалар 20 жинақтарға басылып шықты.

Осы жылғы конференция жұмысы Қаныш Имантайұлының туған күніне дөп түсті. Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті, атақты жерлесіміз Қаныш Сәтбаевтың ардақты атын бойтұмар еткен Халықаралық Сәтбаев оқуларының биылғы жылғы ғылым до-

дасы алдыңғы жылдардағыдан өзгереді. Еректері ғылыми бәйгеде оқушылар, студенттер, магистранттар мен жас ғалымдар үшін ортақ білім алаңы ұсынады. Конференцияның тарихында алғаш рет жастар мен алдыңғы буын ғалымдар бір-бірінен тәжірибе алмасты. «Мектеп оқушыларының жас ғалымдардан үйренері көп деген ниетте «XIII Сәтбаев оқуларында» барлығының басын бір қостық. Ғылым сүйер ізденімпаз ғалымдардың жас ерекшелігіне қарамастан оларға ортақ ғылым алаңын ұйымдастыруды көздедік», – дейді университет ректоры э.ғ.д., профессор С.Өмірбаев. Сонымен бірге, жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін бұл халықаралық конференцияның қатысушылар санының өскенін де айта кеткеніміз жөн. Конференция материалдарының жинағына келіп түскен ғылыми мақалалар саны – 1976. Жылда мақалалар авторларының санынан конференция жұмысына қа-

тысушылар аз болатын. Бұл жолы конференция жұмысына белсенді түрде атсалысқан қатысушылар саны өскені мәлім. Қатысушылар санымен олардың ғылыми еңбектерінің сапасы мен тақырыптық ауқымы да арта түскенін байқауға болады.

Мектеп оқушылары мен студенттер арасында шын жеңімпаздарды анықтау қиынға түскенін әділ қазылар жасырмады. Филология секциясында ең үздік деп танылған Семей қаласының «Авиценна» медициналық колледжінің студенті Потехин Темирлан «Қазақ әдебиетіндегі нәубет тақырыбы» жұмысымен ғылым майталмандарының көзіне түсіп, бірінші орынға ие болды. «Дәйегі мен дерегі көп, әлі де көптің көзіне түсе қоймаған тың материалдарға бай, дәлелі мол зерттеу жасаған студент ғалымның жұмысы жоғары бағаға лайықты», – дейді орыс филология секциясының жетекшісі Г.Н. Кенжебалина. Азық түлік өнімдерінің технологиясы бөлімінің ең кішкентай қатысушысы Лебязжі ЖОББМ 2 сынып оқушысы Айтқалы Риза да жасы кіші болса да көп арасынан суырылып шығып, бірінші орынды қанжығасына байлады. Ал, магистранттар арасында «ҚР монорельстік транспортын қолданудың үдерісі» тақырыбындағы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің магистранты Тоқанов Мейрамның жұмысы ғалымдардың жоғары бағасына ие болды.

Конференция барысында құрметті қонақ ретінде шақырылған Катовицадағы (Польша) Экономикалық университетінің профессоры Стефан Дырка қатысушыларға жаһандану тақырыбында баяндамасын ұсынды. «Сәтбаев оқулары» ғылым жолын кұған жастар үшін үлкен мектеп, майталман ғалымдардан тәжірибе алмаса-

тын таптырмас шеберлік сынып, жан-жақтылық пен тәзімділіктің ұштасатын білім мектебі. Конференцияға келген жас ғалымдардың көбісі халықаралық дәрежедегі ғылыми шараға алғаш рет қатысып отыр. Жалпы, жылдар бойы конференция жұмысы жас қатысушылардың ғылыми өсуі үрдісін арттырып келетінін сөзге тиек етеміз. Оның себебі, дарынды балалардың ғылыми зерттеу жұмыстарының өзектілігі мен күрделілігі жыл санап артып келеді. Аталмыш шара ғылым саласындағы жетістіктерді одан әрі дамытудың мәре алаңы десек те болады. Қазақтың дарынды біртуар ғалымының атындағы халықаралық ғылыми конференция осылайша мүшел жасынан да өтті. Мүшел жастың өз қиыншылықтары болатыны баршаға аян. Кез келген келеңсіздіктерді жеңу мен халықаралық деңгейдегі шараны кәсіпқой ұйымдастыра білген бірлігі мығым команданың қолында екенін ескеруіміз керек. Сырт көзден таса жүргенді қалайтын С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылым және инновация департаментінің қызметкерлерінің жұмысы шынымен де өлшеусіз болды.

Сонымен, жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференциясы биыл он үшінші рет жас ғалымдардың ғылыммен айналысуына жол ашты. Бірінің бағы жанды, бірінің бабы шапты. Дегенмен, дарынды балаларға ғылымның даңғыл жолын салып беру бәрінен маңызды. Егер ғылым додасы жас ғалымдардың жаңа белесті бағындыруына шабыт сыйлап, тың идеялардың туындауына ықпал еткен болса, бұл ғылыми шараның мақсатына жеткені.

Жанар ЕЛЕШОВА

САЗГЕРДІҢ САЗДЫ ӘЛЕМІ

9 сәуір күні облыстық «Сарыарқа самалы» газеті редакциясының мәжіліс залында сазгер Бақтияр Шақпақбаев жастармен кездесті.

Бақтияр Шақпақбаев Павлодар облысы, Лебязжі ауданы, Қорт ауылында алты бала тәрбиелеген үбірлі-шүбірлі шаңырақта дүниеге келген. Алты жасынан қасиетті домбыраны қолына алып, отбасылық ансамбль құрып, жұртшылыққа өнер көрсетуі – Бақтиярдың өнерге деген алғашқы қадамы еді. Кейін дарынды балаларға арналған Ы.Алтынсарин атындағы №3 гимназия мектебін және Құрманғазы атындағы музыкалық мектепті қатар оқып жүріп, үздік төмамдайды. Ол Түркияның Стамбул қаласындағы инженерлік-өндірістік университетінде инженер-құрылысшы мамандығы бойынша білім алып келеді. Кейін С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде экономика мамандығы бойынша білім алып, қазіргі таңда өнер мен құрылысты қатар ұштастырып жүрген азамат.

Бақтияр Шақпақбаев облысымызға белгілі «Думан» тобы, Арман Хасенов сынды өнер иелерінің орындауындағы әндердің авторы. «Думан» тобы шырқап жүрген «Махаббатым сен едің» әнінің тарихына үңілетін болсақ, бұл ән сазгердің 18 жа-

сында болашақ жарына деген сағынышқа толы сезімнен туылса керек. Топ мүшесі Назымбек Сейітов айтқандай, «Думан» тобы нақ осы әнмен тұңғыш жұртшылыққа танылды.

Бақтиярдың «Махаббатым сен едің» әнінен бастап, «Періште қыз», «Мүлгіген бақтар», «Нөміріңді ауыстырма», «Сені іздедім» сияқты әндерінің көпшілігі лирика тақырыбында жазылған. Сазгер жүректен шыққан дүниелерін сатпайды, тіпті, тапсырыспен де жұмыс істемейді. Тек, әндерінің мән-мағынасын жеткізетін, бағын ашатын әншілердің болғанына дән риза.

17 сәуір күні Естай атындағы мәдениет сарайында Бақтияр Шақпақбаевтың «Әнім шарықта» атты ән кеші өтті. Кеште композитор мен «Думан» тобының орындауындағы бұл әннің тұсаукесері өткізілді. Жанкүйерлері үшін қуанышты хабар, Бақтияр Шақпақбаевтың ACID records студиясы ұсынған жеке ұнтаспасы жарық көрмек.

Сазгердің мұраты – әндерінің қауым құлағына ілініп, кең етек жаюы, ең бастысы, жүректің төрінен орын алып, ғұмырлы болуы. Ал, біз өз кезегімізде талант иесіне қайырлы ғұмыр, таусылмас шабыт тілейміз!

Айгерім ЖУМАШЕВА



БІЗДІҢ САУАЛ

XXI ҒАСЫРДАҒЫ МЕКТЕПТІ ҚАЛАЙ ЕЛЕСТЕТЕСІЗ?

Бүгінгі жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларының әрбірі XXI ғасыр мектептерін компьютермен жабдықталған, заманауи технологияның бар мүмкіндіктерін пайдаланатын білім, ғылым ордасы ретінде көргісі келеді.



Еркебұлан Жанар, оқушы

Біріншіден мектептерде жаңа технологиямен демек, компьютерлермен жабдықталған кабинеттер болса. Әрбір оқушыны жеке шкафпен қамтамасыз етілсе. Балаларды қашықтықтан оқытуға барлық жағдайлар жасалаған мектептерді көз алдыма елестетемін. Оқушының білімін компьютерік бағдарламалардың өзі бағалайтын болады.



Рахимжанова Рахила, оқушы

Ең маңыздысы келешекте мектептердің барлық сыныптары компьютерлермен жабдықталады. Зерттеу жұмыстарымен айналысатын зертханалар, оқулықтардың орнына ноутбуктар мен планшеттер қолданатын болатын шығар. Мектеп формасының да бірінғай болғаны дұрыс болар.



Садық Шыңғыс, оқушы

Оқушының барынша білім алуы үшін барынша жағдай жасалады. Мысалы, бүгінгі күнгі Президенттік мектебінің баламасы сияқты мектептер барлық балаларға ашық болады деп ойлаймын. Сыныптар жаңа заманауи дизайнды жабдықталатын болады деп сенемін.

2011 жылы Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы өз күшіне енді, онда біз алғаш рет ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың халық мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін атап өттік.

Діни бірлестіктерді қайта тіркеудің нәтижесінде өткен жылы еліміздегі конфессиялардың нақты саны белгіленді. Сонымен, қайта тіркеу қорытындысы бойынша республикамызда қазіргі кезде 17 конфессия өкілдерінен құралған 3088 діни бірлестік жұмыс істейді, олар қолданыстағы Заңның талаптарына сәйкес құқықтық рәсімделуден өтті. 3088 діни бірлестіктің басым көпшілігін мұсылмандық бірлестіктер (2229) құрайды, бұл халқымыздың тарихи дамуымен байланысты заңды құбылыс. Республикамызда 3226 ғибадат үйлері жұмыс істейді, олардың 70%-ы (2269) – мешіттер.

Елімізде әртүрлі діндер мен конфессия өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруі және өзара тиімді іс-әрекет етуі үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Мұсылмандар, христиандар және басқа діни сенім өкілдері біздің көпконфессиялы және көпұлтты ортақ үйімізде қоян-қолтық араласа өмір сүріп жатыр. Қазақстандағы конфессияаралық қатынастар әлемдегі көптеген елдер үшін үлгі болып отыр. Жалпы, дін қоғам мен мемлекет дамуының қажетті және сөзсіз жағымды факторына айнала бастады.

те ауылдық жерлердегі 46%-ды құрайтын жастарға қарағанда 56%-ды құрайтын қала жастарының саны көптеу.

Кейбір деректерге сүйенсек, дүниежүзі бойынша жастар халықтың шамамен 18%-ын құрайды, соның ішінде ғаламшардағы жастардың 85%-ы дамушы елдерде тұрады екен. БҰҰ берген деректер бойынша келесі ғасырдың аяғына қарай 30 жасқа дейінгі жастар жер шары тұрғындарының жартысын не одан көбін құрайтын болады деген болжам бар.

Адамдар білім алу, мамандық таңдау және қоғамда әлеуметтену, негізгі араласатын ортасын құру, рухани қағидаттар мен бағдарын қалыптастыру секілді негізгі әлеуметтік және демографиялық өмірлік кезеңдерінен дәл осы жас кезінде өтеді.

Әлеуметтік және азаматтық тұрғыдан есею шағында жастар көбіне біз үшін жат ықпалды күштердің алдында әлсіздік танытады. Әсіресе жастар діни экстремизм мен терроризм субъектілері тарапынан жасалған идеологиялық шабуылдардың алдында қорғансыз болып келеді.

Жастар әділдік пен жақсылық үшін күресте барлық іс-әрекетке, соның ішінде шектен

елімізде орта білім алу міндетті болып саналады, ал жоғары білім алуға көп жағдайда мемлекет қолдау көрсетеді. Бұл ретте білім беру жүйесі зайырлы қағидаттардан тұрады және қоғамның жан-жақты және үйлесімді дамыған мүшесін қалыптастыруға бағытталған.

Имамдар, дін қызметкерлері және жалпы дін саласындағы беделді азаматтар жастарды рухани-адамгершілікті тұрғыдан тәрбиелеуде елеулі рөл атқарады. Алайда қазіргі уақытта діни білім беру жүйесі бүгінгі күннің талаптарына және жастардың рухани сұраныстарына толық сәйкес келеді деп айта алмаймыз. Кейбір имамдардың ой-пікірлерінің тайыздығын, жастарға үлгі болатын мінез-құлықтарының жоқтығын көріп қынжыламыз. Зеру сұрақтарға жауапты діннен іздеген жастар оларды мешіттерден, дін қызметкерлерінен әрдайым таба бермейді. Кейде жастардың мешітке кіргенде діни қауымның кейбір өкілдерінің пайданумен, төкаппар мінездерін көретіні жасырын емес. Сондай сәттерде, әрине, жастар діни экстремизм

арманшыл болмысын өмір шындығымен ұштастыру және олардың әлеуметтік мәселелерін шешу үшін барлық жағдайлар жасалуда.

Біздің жастар – алғыр, барлық заманауи технологиялық құралдарды меңгеруде, кез-келген басқа елдің жастарымен зияткерлік деңгейі жағынан терезелері тең. Біздің жастарымызға биік рухани-өнегелік қасиеттер тән.

Өмір сабақтары көрсеткендей, бүгінде рухани тұлға болу тұрақты түрде машықтануды талап етеді. Жаппай технологиялану және ғаламторға жылдам қосылу мүмкіндігі жасалған ғасырда, кең ақпараттық мүмкіндіктер жағдайында жастарға кейде діни немесе басқа қажетті идеяны дұрыс таңдау қиынға соғады. Сондықтан теориялық ережелерден, жалықтырып жіберетін

ДІН ЖӘНЕ ЖАСТАР

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚОҒАМНЫҢ ТҰРМЫС-САЛТЫ МЕН ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ РЕТІНДЕГІ ДІННІҢ РӨЛІ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨСТІ. ДІННІҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА, ҚОҒАМ САНАСЫНЫҢ ДІНИ КОМПОНЕНТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТУ СПЕКТРІ КҮШЕЙІП, КЕҢЕЙЕ ТҮСУДЕ. ХАЛЫҚТЫҢ ӘРТҮРЛІ ТОПТАР ӨКІЛДЕРІНІҢ РУХАНИ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ДІНИ ӨМІР САЛТЫНА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ АРТУДА.

Дей тұрғанмен, құрметті конференцияға қатысушылар, дінмен байланыстың бәрі бірдей оң сипатқа ие бола бермейді. Сондықтан біз діннің жағымды жақтарын айтып қана қоймай, әрбір жағдай мен үдеріске әділ көзбен, шыншылдықпен қарап, тиісті бағасын беруіміз керек.

Өкінішке орай, дін рөлінің арта түсуі барысында халықтың діни өмірінің кейбір келеңсіз көріністері ашыла бастағанын айта кеткім келеді. Аталмыш мәселені зерделеу көрсетіп отырғандай, елімізде қалыптасқан қағидаларға мойынсұнбайтын азаматтар да жоқ емес; кейбір дінге сенушілердің қоғам алдындағы конституциялық, азаматтық борышын атқарудан бас тарту оқиғалары көрініс алуда.

Берімізге белгілі, Конституцияға сәйкес азаматтар тарихи және мәдени мұралардың сақталуына, балаларға қамқорлық жасауға міндетті. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті болып табылады. Бұл ретте көмелетке толған еңбекке қабілетті балалар да еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті. Біздің елімізде орта білім алу міндетті болып саналады. Азаматтардың денсаулығы тек медициналық мекемелер арқылы ғана емес, сонымен қатар азаматтардың өз тарапынан қамтамасыз етілуі қажет. Қазақстан Республикасын қорғау әрбір азаматтың қасиетті парызы және міндеті.

Бүгінде жекелеген діни конфессиялардың кейбір өкілдері ойдан шығарылған діни шектеулердің салдарынан қоғамдық тұрмыстың осы бір маңызды компоненттерін жиі елемей жүргендіктен, осы аспектіге жіті назар аудару маңызды болып отыр.

Жекелеген субъектілердің дінді саясиландыруға талпынып жүргені де жасырын емес. Бұған Конституция және елдегі заңнама арқылы тыйым салынғанын ерекше атап өтеміз. Елімізге айқын немесе жасырын теріс пиғылды ниеті бар жат діни идеологияның енгені байқалуда. Осының салдарынан дінге сенуші тұрғындардың кейбір бөлігінің қоғамдық қатынастардың қалыптасқан жүйесін қабылдаудан үзілді-кесілді бас тартып, өктемдік пен радикализмнің шектен шыққан түріне бой алдыруы аса қауіпті болып отыр.

Діни экстремизм мен терроризм радикализмнің кең тараған түрлері болып табылады. Өкінішке орай, құқық қорғау органдары атап көрсетіп отырғандай, мұндай қылмыс түрлері де елімізде етек алуда. Осы жағдайлар көрсетіп отырғандай, түрлі қағидалармен және нұсқаулармен қоса берілген діни идея, басқаша айтқанда, «дінінің үстай алсаң – қасиетіңе, ұстай алмасаң – қасіретіңе» айналдыратын емшінің өткір пышағы іспеттес.

Экстремизм мен терроризм идеологтары дінді пайдаланып, діни риториканың ерекше әдістерін қолдана отырып, халықтың белгілі бір топтарының ой-санасына теріс ықпал ете білді. Көп жағдайда әлеуметтік белсенділігімен ерекшеленетін, идеологиялық ықпалға тез түсетін қоғамның ерекше тобы саналатын жастар теріс пиғылды діни насихаттық қызмет үшін ыңғайлы нысанға айналды. Жас ерекшеліктеріне қарай ізденгіш және білуге құмар болып келетін жастар қылмыс әлемінің, соның ішінде шетелдік және халықаралық субъектілердің тарапынан айлакерлікпен жасалған идеологиялық тұзаққа жиі түсетін болды.

Бүгінде Қазақстандағы 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың үлес салмағы халықтың жалпы санының 27,8%-ын, яғни 4,5 миллионнан астам адамды құрайды. Олардың 700 мыңнан астамы – студенттер. Бұл рет-

шығушылыққа да бой ұрады. Мәселен, «Хизб-ут-Тахрир», «Орталық Азиядағы моджахедтер жамағаты», «Жунд әл-Халифат», «Таблиғи жамағат» сынды экстремистік және террористік ұйымдардың негізінен ылғи жастардан құралғаны бізді алаңдатады.

«Жунд әл-Халифат» ұйымы тарапынан жасалып жатқан қауіп-қатерлердің алдын алып, радикализмнің әртүрлі көріністеріне ымырасыз жол бермеуге бағытталған біз таңдаған жолдың дұрыстығын әрі уақтылы болғанын айта кеткен жөн.

«Таблиғи жамағатқа» қатысты айтар болсақ, ағымдағы жылдың 29 наурызында біз Жамбыл облысының әкімдігімен бірлесіп, конференция өткізген болатынбыз. Бұл жиында осы жамағат туралы және оның теріс пиғылды ықпалы туралы маңызды ой-пікірлер айтылды. Бұл пәкістандық миссионерлік қозғалыстың еліміздің тәуелсіздік жылдарында жекелеген отандастарымызды өз қатарына қосқанын айта кету керек. Аталған ұйым идеологтары түрлі айла-шарғыны қолдана отырып, адамдарды өз қатарына шақырады және өз ұстанушыларына діни дүниетаным шеңберінен тыс өмірге назар аударуға мүмкіндік бермейді.

Олардың қағидаларында исламды ұстанғаны үшін азаматтардың артықшылықтары насихатталады, сондай-ақ «Таблиғи жамағат» ұстанушыларына одан да ықпалдырақ радикалдық топтарға өтуіне жағдайлар жасайды. Жастардың үлкен топтары салафи ағымының басты көзқарастарына негізделген түрлі радикалдық тақфиршіл, жихадшыл жамағаттар қатарынан көрініп отыр.

Барлық тарихи кезеңдерде жастар қоғамның ең ұтқыр, оқуға, жаңалық енгізуге және реформаларға бейім бөлігі ретінде сипатталғанын беріміз білеміз. Қазіргі таңда тек білімді, ой-санасы терең, ақыл-ойы дамыған және кәсіби дайындалған жастар ғана сапалық, серпінді және инновациялық дамудың маңызды шарты мен келілі болатынын, еліміздің болашағын қамтамасыз ете алатынын ешкімге дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев өзінің қара сөздерінде: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оған замандастарының бәрі кінәлі» деп ұлағатты сөз айтты. Бұл жағдай адам, қоғам, мемлекет дамуының маңызды қырларын ашып көрсетеді. Сондықтан, мемлекеттің жастарды тәрбиелеуге, тәні сау және рухани бай жастар ортасын қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға ерекше көңіл бөлуі өте маңызды.

Бұған қоса, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қатысы бар азаматтық қоғам институттарының барлығы біздің болашағымыз алдындағы жауапкершілігін түсінуі қажет. Бірінші кезекте бұл, әрине, ата-аналар мен жақын туыстарға қатысты, өйткені, тәрбиелеу ісі адамның дүниеге келген сәтінен бастау алатыны айтпаса да түсінікті.

Дүниетаным негізі, адамның ақиқатқа деген көзқарасы балалық жасөспірімдік және жастық шағында қалыптасады. Қазақ жастары үшін аға буын өкілдері – аталарымыз бен әжелеріміздің, әкелеріміз бен аналарымыздың ғибратты сөздері, мінез-құлқы мен даналығы тәрбиелік жағынан үлкен әсер еткен. Сондықтан отбасылық тәрбие институттарын барынша қолдау қажет.

Әрине, жалпы білім беретін, орта арнайы және жоғары оқу орындарындағы, жалпы білім саласындағы тәрбие үдерісі өте маңызды болып табылады. Баршаңызға белгілі, біздің

идеологтарының қолына оңай түсуі мүмкін, мұндай жағдайлар бұған дейін де орын алған.

Сондықтан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жастарды биік өнегелік мұраттар рухында тәрбиелей отырып, жоғары құндылықтарға сәйкес болуы қажет екеніне назар аударады. Бұл үшін оған әрдайым өзіне-өзі жетілдіру қажет. Бұл бағытта біз Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен бірігіп, имамдардың біліктілігін арттырудың және жалпы мұсылман қауымының діни қызметін жетілдірудің ықтимал тиімді жолдарын талқылап, пысықтаудамыз.

Жастарымыздың шет мемлекеттерге теологиялық білім алу үшін шығу үдерісіне мемлекет пен ҚМДБ біртіндеп бақылау жүргізуде. Кейбір мұсылман елдеріндегі діни оқу орындарын тәмамдаған отандастарымыз елге оралған соң исламдағы ханбалит мазхабы іліміне негізделген мәдениетті уағыздауда, бұл жағдай біздің дәстүрлі рухани құндылықтарымызға сәйкес келмейді.

Бұл өз кезегінде дінге сенушілер арасындағы алауыздыққа әкеп соқтырады, өйткені қазақ халқының ғасырлар бойы ұстанған діни дәстүрлеріне қайшы келеді, соның салдарынан қоғамдық және діни қауіпсіздікке айтарлықтай зиянын тигізеді. Арабтардың салт-дәстүрлерін дәріптейтіндер қазақ әйелдердің хиджаб киюі міндетті екендігін даурығып дәлелдеуге тырысуда. Ат төбеліндей дүмшелер дүниеден өткен марқұмдарға Құран бағыштау салтын теріске шығарып, құлпытастарды қиратушыларды ақтап алуға тырысуда. Сондай-ақ олар ада-сып жүрген бауырларымыздың тарапынан жасалып жатқан мән-мағынасыз лаңкестік әрекеттерді де ақтап алмақшы.

Сондықтан біз өз елімізде діни білім беру жүйесін дамытуға тиіспіз. Қазір елімізде Алматы қаласындағы «Нұр» Қазақ-египет ислам университеті, ҚМДБ-ның Имамдардың білімін жетілдіру институты және 9 медресе мұсылмандық білім беруде. Діни оқу орындары сауатты, жан-жақты дамыған имамдар корпусын қалыптастыру бағытындағы қоғам талаптарын қанағаттандыруы және қазіргі заманға сай болуы керек. Олар жасөспірімдер мен жастардың түсінуіне жеңіл, қабылдауына қолайлы «зияткерлік ислам» ретіндегі исламның жаңа имиджін құруға атсалысатын, өз бойына ғылыми және дінтанулық білім жинақтау арқылы тартымдылықты арта түскен тұлғалар болуға тиіс. Әсіресе бұл жерлестерімізді ортағасырлық қараңғылыққа және фундаментализмге тартуға талпынған радикалдық күштер белсенділігі сақталып отырған қазіргі кезең үшін көкейкесті болып отыр.

Бұл орайда қазіргі уақытта мемлекеттің құзырлы мекемелері экстремистік ұйымдардың және олардың идеологтарының қызметін айқындап, тыйым салу бағытында ықпалды шаралар қабылдауда. Сонымен бір мезгілде ақпараттық-насихат жұмыстарын кеңінен жүргізу, әртүрлі діндер өкілдері арасында сұхбат орнату қажет. Рухани-ағарту және тәрбие жұмыстарының сапасын көтеріп, тиімділігін арттыру үшін біз қазақ халқының рухани құндылықтары мен дәстүрлерін, қазіргі жастардың еліктеуіне лайықты қаһарман тұлғаларды белсендірек насихаттауға тиіспіз.

Жастарымыздың басым бөлігінің дұрыс тәрбие алғаны және алып жатқандығы белгілі; олар – отансүйгіш патриот, рухани және психологиялық тұрғыдан мықты және салауатты жандар. Елімізде жастардың ізденгіш,

философиялық немесе ортағасырлық тартатын керітартпа ұғымдардан гөрі жастар айтулы тұлғалардың нақты тәжірибесінен сабақ ала отырып, имандылықтың шынайы мәнін танып-түсінуі қажет.

Сонымен қатар, жастардың санасына діни қайраткерлерден басқа адамдар да рухани бай бола алатынын сіңіру керек. Елімізде үлгі-өнеге алуға лайықты қаншама иманжүзді ғалымдар, дәрігерлер, ұстаздар, өнер қайраткерлері, әскери қызметкерлер, саясаткерлер бар. Оларды құрметтеу және оларға еліктей отырып, жастарымыз көптеген өмірлік сауалдарына жауап тапқан болар еді.

Діни ұрандарды жамылып, қолынан кінәсіз жандардың қаны тамған лаңкестер шын мәнінде қаһарман емес. Бетперденің және «мухахид» имиджінің артында адамдарға билік жасауды көкसेген, баудың ең арсыз мүдделерін көздеген, махаббат пен имандылықтан жұрдай жүрексіз, кейде тіпті психикасы бұзылған субъект жасырынып тұрады.

Кез келген дін, соның ішінде ислам да адамның білім алуына шектеу қоймайды. Қазіргі заманда сауаты бар адам ешқашан көш соңында қалып қоймайды. Сондықтан жастар Алла тағала берген жастық шақ пен алтын уақытты дұрыс бағалап, білім алуға, кәсіптің белгілі бір саласын игеруге барынша күш жұмсауы қажет. Жастар заманауи техникалық байланыс құралдарының барлық түрін игеріп шығуы тиіс.

Діни тұрғыдан алғанда әркімнің өз халқының дәстүрлерін біліп, сақтап, құрметтегені абзал. Біздің қазақи көшпенді мәдениетіміз басқа мәдениеттерден көп қырлылығымен және біртұтастығымен ерекшеленеді. Бұл дегеніміз, біздің ата-бабаларымыздың дін мәселелерінде ақ-қараны айыра білсе де, дінді арнайы салаға немесе өмірдің міндетті бөлігіне айналдырмағанын аңғартады.

Ислам діні ешқашан басқа сенімдерге немесе қоғамның құндылықтары мен дәстүрлеріне қарсы шыққан емес. Қазақтар дінді сыртқы атрибутика ережелері мен шартты жоралар жиынтығы ретінде емес, этникалық мәдениет пен халықтың философиясымен табиғи байланысы бар әмбебап діни ілім ретінде қабылдады.

Мұның бәрі біздің бабаларымыз ұстанған және қазір Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ресми түрде насихаттайтын исламдағы ханафи мазхабы ілімінің арқасында мүмкін болып отыр.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, еліміздегі жастарды діни ұстазды тандауда барынша сақ болуға шақырау едім. Жалған уағызшылардың шақыруын ойланбай қабылдап, жетегінде кетпей, әрбір іс-әрекеттеріңіз бен қадамдарыңызды ақылға салып, оларды қоғамда белгіленген жүріс-тұрыс және адамгершілік нормалары тұрғысынан пайымдауға тырысқандарыңыз жөн.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «...дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек», – деп атап көрсетті.

Сонымен қатар Ұлт көшбасшысы өз Жолдауында: «...біздің мемлекетіміздің зайырлы келбеті – Қазақстанның табысты дамуының маңызды шарты. Мұны Қазақстанның қазіргі және болашақ саясаткерлері, барлық қазақстандықтар айқын түсінуге тиіс», – деп ерекше айтып өтті.

Біз тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қазақ еліне айтқан осы дана сөзін әрбір өскелең жас ұрпаққа аманат етіп жеткізуіміз керек. Өйткені жалпыұлттық ойлаудың басты парадигмасына және Қазақстанның тиімді мемлекеттік дамуының ұйымдастырушы күшіне айналған бұл алғышарттар еліміздің, еңбексүйгіш Қазақстан халқының болашағы жарқын болатынына сенім ұялатады.

ҚР Дін істері агенттігінің Төрағасы Қайрат Лама Шариф

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕДЕН КЕЛЕ ЖАТҚАН ӘКЕЛІК ИНСТИТУТЫ БОЛҒАН. АТЫ ДАРДАЙ БОЛҒАН БҰЛ ИНСТИТУТТЫҢ ДӨРМЕНІ ДЕ БАРШЫЛЫҚ ЕДІ. ӘКЕ СӨЗІНЕ ҚҰЛАҚ АСҚАН ЕДІ ҰРПАҒЫ, ӘКЕ СӨЗІНЕ ТОҚТАҒАН ЕДІ ҚИҚАР ҰЛДАРЫ. ӘКЕНІ АСҚАР ТАУ ДЕП ЗОР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕГЕН, ТӘЛІМІНЕ ҚҰЛАҚ АСҚАН, АСҚАҚ БЕДЕЛІНЕ БАС ҰРҒАН. СОЛ КҮНГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӘКЕНІ АСҚАРЛЫҒЫ, ӨНЕГЕЛІ ТҰЛҒАЛЫҒЫ, СӨЗІНІҢ ӨТКІРЛІГІ БҮГІНДЕ ТАРИХТАН ОҚЫП БІЛЕТІН КӨРНЕКІЛІККЕ АЙНАЛУЫНА НЕ СЕБЕП?

Бүгінгі қоғамда әкелер рөлі әлсіреп, отбасының тірегі болар ер азаматтарымыз ұсақталып кетті дегенді құлақ ести мезі болды. Олардың сөзін өз отбасы місе тұтпайтын таудан төбешікке айналатындай не жағдайға жетіп, сонша майдалануына не себеп екен? Әкелердің қоғамдағы орнын бағамдау мақсатында әлеуметтік мамандар Қазақстан бойынша 2305 азаматқа әлеуметтік сауалнама жүргізген көрінеді. Сауалнамаға жауап берушілердің 51 пайыздан астамы «отбасындағы ерлердің рөлі өзгерген» деген пікірді мақұлдапты. 27 пайызы «ықпалы өсті», ал, 23 пайыздан астамы «ықпалы төмендеді» деп жауап берген. Сауалнамаға қатысқандардың 53,6 пайызы «еркектер – отбасының асыраушысы, қаржылық тұрақтылықтың қайнар көзі» деген екен. 37 пайызға жуығы ер азаматтарды отбасы мүшелеріне жол сілтеуші көшбасшыға лайық деп таныған. Әйелдердің 3,6 пайызы «қожайын ретінде қабылдамаймын» деп, 2,1 пайызы «еркектер жалқау, жатыпшы» деп бағалапты. Бұл екі мыңнан аса елдестеріміздің көзқарасы ғана. Алайда, көптің сөзі көпке тән болады емес пе.

ӨЗ ҚОЛЫҢДА БОЛМАСА ӘКЕ ДЕ ЖАТ

Өткендегі халықаралық әйелдер күніне орай Елбасы Н. Назарбаевтың әйелдермен кездесуі кезінде елдегі ажырасу санының өсу қарқыны алаңдататынын жеткізген еді. АХАТ мамандарының мәлімдеуінше 2013 жылдың қаңтар айында 10,9 мың неке құрылды. Бұл көрсеткіш 2012 жылдың осы уақыт аралығына сай 0,4 пайыз аз екендігі анық болды. Ал ажырасулар керісінше көбейіп, жылдың бастапқы айында 4,2 мың шаңырақ шайқалғанын жеткізеді. Нәтижесінде ажырасқандар қатары 8,6 пайызға ұлғайған. Некеден кейін артында қалған баласы ана тәрбиесіне жауапты болатыны айтпаса да түсінікті. Әкенің отбасыдағы рөлі осы тұстан бастап әлсірей бермек. Өзінің әкесіз өскендігіне, анасының басқадан бақыт іздеуіне, талай жылғы ер адамның қамқорлығынсыз болуына себепші болған әкесін бала жан-тәнімен жек көргеніне біз сын айта аламыз ба? Бала алдында әкенің беделі түсті, сөзінің өткір жүзіне тат басылды, заңғар таудан асып түсетін алып пайда болды. Осы күннің ұрпағына наз табуға жанымыз асық. Алайда, қоғамдағы әкенің рөлінің майдалануына жеке-жеке отбасындағы әкелердің беделінен айырылуы себеп болуда. Көп түкірсе көл боларын білеміз. Заманауи қазақ қоғамында әкесіз тәрбиеленіп жатқан яғни, толыққанды отбасылардың азайып бара жатқандығы бізді алаңдатуы тиіс.

ӨЗІ ҮШІН БАЛА ТАБУ ҰРДІСІ

Жалғыз басты аналар санының көбеюіне әкеліп соқтыратын тағы бір фактор – қыздарымыздың оң босағада отырып дүниеге бала әкелуі. Мәліметтерге қарағанда, елімізде жыл сайын әрбір бесінші бала некеден тыс өмірге келеді екен. Жан-жағымыздан «өзім үшін бала тауып аламын» деген сөзді жиі еститін болдық. Құлағымыз үйренді, таңымыз да жоқ бұған. «Шарасыздан осы ойға жеткен ау» деп жанымыз ашығансыды. Әкелік институтпен бірге аналық тағылымды шаңырақтың шайқалатыны да сөзсіз. Бұл екеуін ажыратып қарау мүмкін емес өсте. Міне, қоғамда оң босағада отырып дүниеге бала әкелу үрдісі басталып та кетті. Қызының шарасыздығына қолдан келер не бар деп, «ананың қызы солай болды, баласы өсті, жетілді, несі



Менің әкем қайда?

бар», деп өзін жұбатқандай болады. Ертеректегі қазақ қоғамы некесіз туылған шатан баланың шілдеханасын жасамақ түгілі «жетесіз» деп қаралапты. Осыдан он жылдай уақыт бұрын елімізде «өзі үшін» бала туып алған әйелдердің саны 15 пайыз болса, бүгінде бұл көрсеткіш 30 пайызға жеткен көрінеді. АҚШ-та анасымен ғана өмір сүріп жатқан балалардың саны – 33, Швецияда – 54, Исландияда – 64 пайыз деседі. Өкінішке қарай, уақыт озған сайын бұл мәселемен де шетелмен «тереземіз теңесіп» бара жатқанын байқап отырсыз... Мамандардың айтуынша, қазір материалдық тұрғыдан алғанда әйел адамдардың көбі ер азаматтарға тәуелсіз, тіпті тәуелсіз болмаса да ерлер сияқты өз отбасын қаржыландыруға ұқсап бағуға тырысады. Баласын жалғыз асырауға бел буатындар санының көбейіп бара жатқанына бұл жайттар да үлес қосады. Өйткені, оның ойы – «баламды жалғыз асырауға күшім жетеді»...

Қазақтың ұлтына жат тақырып болғандықтан ба, үйде отырып бала туған қыздар жөнінде еш жерден нақты ресми мәлімет таба алмайсың. Мұндай аналардың қатарын негізінен отырып қалған кәрі қыздар толтырады. Мәліметтер бойынша, елімізде оң жақта отырып қалған 25-55 жастағы кәрі қыздардың саны 350-мыңнан асып жығылыпты. Мәселен, еліміздің белгілі демографы М.Тәтимоқтың сөзін келтірсек: «Әр әйелді орташа есеппен үш бала табады десек, сонда бұл – 1 миллионнан аса туылмаған бала деген сөз. «Ауруын жасырған өледі» дейді. Мұны айтпасақ, бұл мәселе қашан шешіледі? Бұл проблема орыстарда сирек кездеседі. Француз, ағылшын, немістерде мүлде жоқ десе де болады. Олар демографиялық тығырықтан өткен. Өзі үшін бір бала туып алады. Төлегенді тосып, Қозы қашан келеді деп жүре беруге болмайды. Қазір екінші әйел болып жатқандар да, азаматтық неке деген де бар. Әркім өзі үшін әрекет етуі керек қой». Қазақтың белгілі демографының айтқаны осы.

Дүниежүзілік екінші соғыс кезінде өте көп бала некесіз туылған дейді. Кейбір дерек көздері бес адамның төрті некесіз туғанын айтады. Осы жағдайға байланысты 1945 жылдың соңында академик Иван Майский Сталинге хат жазып: «Сталин мырза, қазір некесіз туылған балалар

өте көбейіп кетті, олар қоғамға аса қауіпті. Тез арада аттарын өзгертіп, фамилияларын орысша қойып, аналарынан айырып, жетімдер үйінде тәрбиелеу керек, әйтпегенде, біздің түбімізге жететін солар!» деп қадап айтуы тегін емес болар.

ЕРКЕК ПЕН ӘЙЕЛДІҢ РӨЛІ АУЫСЫ

Психолог маман М.Қабақова: «Зерттеушілердің көпшілігі тіпті, еркектердің рөлінің дағдарысқа ұшырағанын көлденең тартады. Аталған дағдарысқа бірнеше себеп бар. Бастысы, еркектер мен әкелердің көпшілігінің бастапқы беделі мен мақсат-міндетіне сәйкес келе алмауы. Күйеуі мен әйелі отбасындағы өздерінің рөлін, кімнің неге жауап беретінін жете түсінуі қажет», – дейді. Психолог мамандардың айтуынша ұл баланың тәрбиесіне, келешегіне әкенің ықпалы зор болуы қажет дегенді жиі айтады.

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУШІЛЕР САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Бүгінгі қоғамда «алимент» деген жаңа ұғымы пайда болды. Бұл сөзді естігенде жауапсыз әкелер ат тонын алып безеді. Баласын өзі қамқорлап отырған аналар осы сөз аясында өздеріне пана іздеп әлек. Ал, үкімет пен құзырлы орындардың басын қатырған шаруа бұл. «Алимент» деген латын сөзінен қоректену ұғымын білдіреді. Яғни, тамақтану үшін көмелеттік жасқа толмаған баласы үшін ата-ананың біріне немесе қарт ата-анасы үшін төленетін құн. Алимент төлеушілер мәселесі қоғамның дертіне айналып отыр. Ажырасқан әкелердің кейбірі тапқан табысын құзырлы органдар біліп қалмасын деп жаудан қашқандай тентіреп жүргені. Заң органдары өкілдері оларды қуып өуре. Ортада кезі жасқа толып жүрген баланың психологиялық тұрғыдан жәбір көруіне ешкім бас қатырмайды.

АНАСЫНЫҢ ПАНАСЫНДАҒЫ БАЛА

Ал, Қазақстан заңы бойынша «жалғыз басты ана» деген ұғым жоқ. Сол себепті де ешқандай ресми орган жалғыз басты аналардың ресми статистикасын жүргізбейді де, жалғыз басты аналарға жалғыз басты болғаны үшін мемлекеттен ешқандай жәрдемақы берілмейді де. Сонда әкелері балаларына көмек беруден қашса, әулеті олардан бас тартса,

ол балалар бүгінгі қоғамға еш керегі жоқ болғаны ма? Бүгінгі қазақ үшін «әулет» деген ұлы ұғымның қадір-қасиеті қалмады. Асылында, алаш жұрты жетімдіктің азабын көрмесін деп баланы әулет болып асырап баққан еді. Бүгінде баланың дүниеге келген күнінен бастап күнделікті жейтін аұқаты мен киімі, тәрбиесі, білімі, денсаулығы, тағдыры жалғыз ананың мойнына жүктеліп қойылған. Осы себептен кейін де бүгінгі аналар отбасындағы бала санын қысқартқан тәрізді. Мәселен, 2009 жылғы жалпыхалықтық санақ нәтижесі бойынша, 1999 жылғымен салыстырғанда отбасылардың саны 13,8%-ға өсіпті. Бұл қуантарлық жайт. Өкініштісі, отбасындағы орташа адам саны 3,5 адамға қысқарған. ҚР Статистика агенттігінің ақпаратында екі адамнан тұратын отбасы – 30,1%, үш адамнан құралған отбасы – 26,7%, төрт адамнан құралған отбасы – 22,2%. Бес адамнан құралған отбасы бар болғаны – 11,7%, алты адамнан құралған отбасы – 5,6%, жеті адамнан құралған отбасы – 1,9%. 8 – 10 адамнан құралған отбасының мөлшері тіптен аз, бар болғаны – 0,2% екені көрсетілген.

Яғни, қазір мемлекеттің көмегі жалғыз басты анаға емес, отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы айлық табысы белгіленген азық-түлік себетінің құнынан төмен болған жағдайда 18 жасқа дейінгі балаларға беріледі. Балаларға жәрдемақыны тағайындағанда олардың әкесінің бар-жоғы бүгінде маңызды емес.

ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕНІҢ ГЕНДІК ЖҮЙЕГЕ ӘСЕРІ БАР

«Отбасындағы тәрбиенің гендік жүйеге тікелей әсері болмаса да жанама әсері бары сөзсіз. Сол үшін отбасындағы жақсы тәрбиені, құндылықтарды біз жоғалтпауға тырысуымыз керек», – деп айтады Жалпы генетика және цитология институты директорының орынбасары Бақытжан Бекмаханов ақпарат құралдарының бірінде берген сұхбатында. Қазақтағы жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі қазірдің өзінде сақталған. Бұл дәстүрді шетелдің беделді генетик ғалымдары да өте үлкен құндылық деп бағалайды екен. Өйткені адам ағзасындағы көптеген гендік мутациялар (өзгерістер) осы туыс аралық немесе қандас некелер арасында туындайды, яғни гендік өзгерістер көріну жиілігі осы некелер арасында арта түседі. Бұл ғылыми тұрғыдан дәлелденген тұжырымдама. Атамыз қазақ осындай жағдайларды ерте заманда байқаған, жеті атаға дейін қыз алуға тыйым салып отырған. Бұл әңгіменің басын неге қайырып отыр дерсіздер. Әкесіз ескен бала яғни, өзі үшін туып алған немесе көкек әкелердің балаларының тегі жайында шикіліктер көп болары да шын. Әкесіне деген өшпенділікпен ескен, әулеті бас тартқан бала ер жартқанын кейін әкесінің тегінен ол да бас тартпасына кім кепіл. «Жетім бала кекшіл келеді» дейді қазақ нақылы. Бүгінгі қоғамда нағашы жұрттық балалар саны көбейіп жатқанында тектік тазалықты сақтау қиынға түсері де хақ. Генетик ғалым өз сөзінде «қазақ халқында мынадай сөз тіркестері бар: «...тегіне қарап...» немесе «...тегі мықты...», тағы сол сияқты. Яғни бұл жерде «тегі» деген сөз ғылыми тілде айтқанда – «гені» деген сөз. Қазіргі кездегі көптеген ғылыми еңбектер арқылы тұлғаның қалыптасуына гендік жүйелер және сыртқы орта факторларының бірдей әсер ететіні анықталған. Адамның мінез-құлқының және психикасының қалыптасуына әсер ететін гендер қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұрса, онда ол адамнан шоқтығы биік тұлға қалыптасатыны сөзсіз», – дейді. Текті ұрпақты тәрбиелеу, қанның тектілігін сақтау үшін бала әкесінің биологиялық қанын мұра етіп қана қоймай, оның тағылымды тәрбиесін көріп өсуі де шарт екен. Оған ешкімнің дауы бола қоймас.

PS. Қалай десек те, әкелік қазақы ұлы қасиетті қайта жандандырумыз қажет-ақ. Бұхар жырау «әкелі бала жау жүрек, әкесіз бала сұм жүрек» деген өкен. Келешек ұрпағымыз текті, тегеуірінді болсын десек толыққанды отбасылық институтты қалыптастыру шарт. Асыл қанымыздан, қазыналы қасиетімізден арылып қалмасақ болғаны.

Жанар ӘБДІКАЛИҚЫЗЫ



ЖАЙЫҢ ҚАЛАЙ АУЫЛДАҒЫ ЗАМАНДАС?

Н.Ә. Назарбаевтың: «Басты бағыт – жас қазақстандықтарды дербес өмірге, бастамашыл еңбекке бейімдеудің тиімді жүйесін құру. Мен жас ұрпақтың ел болашағы үшін маңызын ерқашанда атап көрсетіп келдім және атап көрсете беремін. Мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті түрде қажет болуы үшін бәрін де жасайды», – деген сөзі әрбір Қазақстан азаматының сенімін нығайта түсетіні сөзсіз.

Ауыл жастарының мәселесі туралы талай салтанатты жиындарда аз айтылып жүрген жоқ. Айтылудай айтылып жатады. Қазақтың белгілі тұлғаларының 99 пайызы ауылды жерлерден шығып жатқаны барлығымызға аян. Жастарымыз қазіргі кезде ауылдан қалаға кеткілері келіп тұрады. Олардың ауылдарынан безуіне не себеп? Қазақ ертеректе жаумен күресіп, аң аулап, табыс тауып, ел мен жерді бағындырып, айлап, жылдап елін көрмеген батырлар болған. Сол сияқты бүгінгі қоғам батырлары да қала қамалдарын бағындырып келеді. Өйткені, қалада жастардың жан-жақты дамуы, қалыптасуы үшін барлық жағдай жасалған. Ал, ауылда оны қызықтыратын не бар? Жастарды сергітетін ойын-сауық орталығы, мәдениет үйі, спорт ұйымдары, кітапхана, сұлулық салоны ашылса қуантарлық жайт, әрине. Онда не себепті, жастар қалаға қарай ағылуда?

Ауыл жастарының жан-жақты дамуына ықпал ету

Бүгінде ауыл жастарының басты мәселелері тұрғын үйдің жоқтығы, жұмыссыздық және ойын сауық ұйымдарының аздығы. Олардың туған ауылын тастап, қалаға қарай ағылып жатқаны да сондықтан. Бүгінгі таңда еліміздегі жұмыссыздардың 71 пайызын ауыл жастары құраса, сол жастардың 76 пайызының жоғары білімі жоқ, тек мектептік орта білімі бар екенін айта кеткен жөн. Біліктілік тұрғысынан

қарасақ, оларды жұмыспен қамту үшін алдымен бір мамандыққа баулу керек. Қазіргі дамыған заманның басты талабы – білікті маман болу. Қандай мамандық иесі болам десең де, білім беремін деген оқу орындары да елде жеткілікті. Алайда, әр ата-ананың қалтасы сол оқудың бағасын көтере бермейтіні тағы шын. Әрине, ата-ана болған соң, баласының болашағын ойлап, оқысын, жетсін деп бар жанын беріп тіршілік етуде. Ауыл жастары қалаға келіп, оқуға түседі. Олардың арасында оқуды жарты белден тастап кететіндер де кездеседі. Себебі, тұрғын-үй мәселесі, ішер жемің, киер киімнің ауылдағы бір қара малға қарап отырған ата-анаға қиынға түсетіні де хақ. Сонымен ауылдан келген жас бүлдіршін бір кәсіпті жағалап, нәпақа табуды көздейді. Ауыл жастарын тұрақтандыру бүкіл қоғамның күш-жігерін жұмылдыруды қажет ететін мәселе. Ол үшін елімізде жан-жақты ойластырылған жастар саясатын жүргізу қажет. Мәселен, Елбасымыз Н.Назарбаевтың бастамасы бойынша қолға алынған «Дипломмен – ауылға» жобасы жастар арасында үлкен серпін берді.

Ауылдан неге көшеді?

Ауылда еңбек етемін деген жас мамандарға толық жағдай жасалса, кім бармас... Жастардың мәртебесін көтеру, әлеуметтік мәселелерін шешу, жақсы білім алып, еңбек етуіне, отбасын құруына мемлекет тарапынан толық жағдай жасалуы керек. Жастар саясатын кешенді түрде саралау, реттеу, бүгінгі күннің жедел шешілуге тиіс шаруасы екені анық. Жастардың зая кетіп жатқан уақыттарының бірден бір себебі ауылдарда арнайы бос уақытты өткізу үшін жағдай аз жасалған. Солардың ішінде жастар үшін ұйымдастырылып жатқан шара деп айына, жылына өткізілетін би көштері шығар. Оның өзі көп жағдайда аудан орталықтарында ғана өтумен шектеледі. Алыс ауылдарда спорт секциялары жұмыс жасаса игі болар еді.

Сөз Соңы. Жастар – еліміздің болашағы болса, онда елдің болашағы үшін жағдай жасалуы шарт. Ауылымыз да, қаламыз да сол жастардың күшімен көркеюі керек. Елбасы Жолдауындағы жаңа стратегияны жүзеге асыру арқылы ауыл жастарының экономикалық, әлеуметтік, инновациялық және шығармашылық әлеуеттері нығайт түседі деп сенеміз.

Айгерім СОЛТАН

Ж.И. МАНАНБАЕВ,

Тарих ғылымдарының кандидаты

Ауыл жастарын айтатын болсақ, ауыл жастарының мәдениетін көтеруіміз қажет. Жастарға әдеби кітаптар оқу қажет, «Абай Жолын» оқымағандар да бар, «Абай Жолын» оқымаған қазақ болмауы керек. Ауылдарда интернет желісі жетпейді, бір жерлерде мүлдем жоқ. Жастардың көбі жанұяларымен телесериалдарды тосып отырады, мұның орнына қызықты бағдарламалар, жаңалықтар көргені жөн. Жаңа телеарналарда ашылып жатыр, жастарға мәдениеттерін арттыруға барлық жағдай жасалынып отыр.

Құралай АКСАКОВА,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҒУ студенті

Қазіргі таңда ауыл жастарының арасындағы өзекті мәселелердің бірі – олардың жұмыспен қамсыздандырылуының қиындығын айтар едім. Көптеген жастарымызға байланысты өткізілетін шаралар қалада оқитын студенттермен ғана шектеледі

Роза ЖҮМЕКЕНОВА, эстрада әншісі

Ең басты мәселе – уақытты дұрыс өткізу. Егер де спорт, мәдени т.б. мекемелер көп ашылса, жастар өз уақыттарын дұрыс, маңызды істерге жұмсар еді.

Қазіргі ауыл жастарының өзекті проблемаларының бірі бос уақыттарын дұрыс пайдаланбауы болып табылады. Бұл ойын-сауық мекемелердің болмауына байланысты.

КӨКЕЙКЕСТІ



ХИДЖАБ КИЮ - ДІН ПАРЫЗЫ МА, ӨЗГЕ ҰЛТТЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕ?

Бүгінгі қоғамды толғандыратын мәселелердің бірі – ислам дінінің қыздарға тигізер әсері. Араб елдері мәдениетінен келген хиджаб – Аллаһ алдындағы парызын өтеумен қатар, сән үлгіге айналды. Біреулері шынайы таңдау жасап, отыз күн оразасын ұстап, бес мезгіл намазын оқып, басқаларға қамқорлық білдіре отырып, мұсылмандық парызын орындайды. Ал кейбіреулері тек сән немесе өзін инабатты етіп көрсету үшін киіп жүреді деген ой қалыптасқан ел арасында. Бүгінгі жұртшылықтың хиджаб мәселесі туралы ойы екіге жарылған. Бірі хиджабты қазақ мәдениетіне жат деп, етек жайып бара жатқан киім үлгісінен бас тарту туралы айтып жатса, енді бірі бұл киімнің араб мәдениетіне еш қатысы жоқ, тек Жаратушының асыл өсиеті ретінде қабылдау жөн деген пікірді меңзеп жатады.

ХИДЖАБ ҚАЙ МӘДЕНИЕТТІҢ ҮЛГІСІ?

Хиджаб – Арабтың ұлттық киімі. Хиджаб (араб. : حجاب – «қалқан», «шымылдық») – мұсылман әйелінің көшеге шыққанда бетін, денесін жасыру үшін киетін киімі. Демек, «жабық киім» дегенді білдіреді. Ең алғаш Мұхаммед пайғамбардың әйелдері ғана хиджабпен жүретін болған, кейін барлық мұсылман әйелдері осы салтты ұстанған деседі. Кейбір деректерде осы киімнің шығу тарихын көшпенділермен байланыстырып жатады. Яғни, шөл далада халық күннің көзінен қорғану мақсатында, жамылғы ретінде пайдаланды. Ал жамылғыш деген – әйелдің бүкіл денесін әшекейлерімен қоса, біртұтас жасырып тұратын сырт киім. Жамылғыштың негізгі қызметі: әйел кісінің дене мүшелері білінбейтіндей етіп, басынан бастап, аяғына дейін оны әшекейлерімен қоса тұтас жасыру. Қазіргі кезде мұсылман елдерінде хиджабтың бас орамал және мойын мен қолды жауып тұратын киім сияқты жеңілдетілген түрі кең тараған.

ХИДЖАБТЫ КИЮДЕН БАС ТАРТУ МӘСЕЛЕСІ

Хиджабтан бас тарту мәселесі мұсылман елдеріндегі өмірді демократияландыру ұрандарының бірінен бастау алды. Хиджабтан ашық бас тарту ең алғаш Мысырда XIX ғасырдың 70

жылдарында көрініс табады. Хиджаб мәселесі, оны киген адамдарды оқу орнына жібермеу туралы әңгіме, ең алғаш 2004 жылы Францияда көтерілді. Соның нәтижесінде алғашқы демократиялық Француз елі хиджабқа тосқауыл қою үшін арнайы заң қабылдады. Англияның бір қаласында хиджабқа тиым салуды – химия сабақтарында тәжірибе жүргізген уақытта ұзын орамал, көйлектің етегі өртеніп кету қаупімен байланыстырған екен. Хиджаб киетін оқушылар тек сол сабақта ғана киімдерін ауыстырып, басқа сабақтарда хиджабпен жүре беретін көрінеді. Тәжікстанның билік органдары әйел адамдардың қоғамдық орындарда хиджаб киюіне тыйым салғаннан бері бет-ауызын тұмшалағандардың саны керісінше өсе түсіпті. Душанбе көшелерінде шашын көрсетпей хиджаб киіп жүретіндер тек екі көзін ашық қалдырып, қара ниқабқа оранғандармен салыстырғанда айналайын болып қалғанға ұқсайды.

ДІНДЕ МӘЖБҮРЛІК ЖОҚ

1979 жылғы Ислам төңкерісінен кейін Иран әйелдері үшін Хиджаб кию міндетті болды. Бұл мемлекеттік киім үлгісін кимеген мыңдаған әйел қамауға алынып, хиджаб киюге келіспегендерін оқшауландырып тәрбиелеген. Иранның белгілі журналисті, әйелдер құқығын

қорғаушы Фариха Давуди Мохаджер басындағы орамалын шешкені үшін қамауға бір емес, бірнеше рет алынды. Оны Ислам төңкерісі сақшыларының бақылауындағы қауіпсіздік түрмесінде 40 күнге жауып, соққының астына жыққан. Алғаш рет Фариха паранжаның ешнәрседен қорғай алмайтынын, еркіндіктің құны қымбат екенін сонда түсінеді. 13 жасынан хиджаб киген әйел: «бір сәт мен бұл әлемде шашымның самал желді сезінгенінен үлкен ләззат жоқ екенін түсіндім» – деп өзінің бақытты сәттерімен бөліскен екен.

ҚҰРАН ХИДЖАБ ТУРАЛЫ НЕ ДЕЙДІ?

Әйелдің Жаратушы Раббысына құлшылығының көрінісі, иманының жемісі ретінде Аллаһ Тағала былай дейді: «Мүмин әйелдерге айт: Бөгде ерлерден көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін қорғасын. Сондай-ақ зейнеттерін көрсетпесін. Бірақ, өздігінен көрінгендерден басқа. Және бүркеншектерін омырауларына тастасын» («Нұр» сүресі, 31-аят). «Әй, Пайғамбар! Жұбайларыңа, қыздарыңа және мүмин әйелдерге айт: Үстеріне бүркеншектерін орансын. Бұл олардың танылуларына, сондай-ақ кейітілмеулеріне жақынырақ. Аллаһ аса Жарылқаушы, тым мейірімді» («Ахзап» сүресі, 59-аят).

ХИДЖАБ МӘСЕЛЕСІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ АЯҚ БАСТЫ

Мемлекеттік білім беру мекемелерінде хиджаб киюге тыйым салынған. Себебі, күнделікті өмірде түрлі діни ағымдар шырмауына ілініп жатқан жастар көп. Адамдар кез келген идеологияға бой алдырып күдікті ұйым жетегінде қалып жатыр. Сол себепті де еліміздің бейбітшілігін, тыныштығын сақтап қалу мақсатында, хиджабқа тыйым салу іс-шаралары қолдануы түсінікті. Бұл хиджаб киюшілер наразылығын білдіруде. Бірақ, әркім өз таңдауын жасауға, қалауынша өмір сүруге құқылы емес пе?! Осы мәселе әлі де қарастырылуда...

Қорытынды. Қазіргі кезде хиджабты тек арабтың әйелдері киіп жүрген жоқ, бүкіл әлемдегі Аллаһқа бой ұсынған әйелдер киінеді. Бірақ, солардың ешқайсысы араб боп кеткен жоқ деген пікірді қоғамда жиі естіп жүрміз. Қалай десек те, бүгінгі қыздарымыз ертеңгі аналарымыз екенін ұмытпағанымыз абзал. Қазақтың қазыналы ғұрпын, асыл мәдениеті мен көнеден қалған қазақылық қасиеттің жаршылары қыздар екені мәлім. Сондықтан да, заман желі қалай соқса да, өзінің бағытынан бір таймай тамырынан жаңылмай, ата-баба дәстүрін жоғалтпай, ұрпағын ұлтжанды етіп өсіріп келе жатқан Отаным, күннен – күнге асқақтай берсін дегім келеді.

Жанарғұл ТАКТАГАНОВА



на н
жұқса
керек.
Қан жібер-
мейді ғой.
– «Аймақтар
аламаны» до-
дасына қалай тап
болдыңыз?
– Астана қаласын-
дағы музыка Акаде-
миясын 2000 жылы
бітіріп келдім. Мен
сахна таңдағаным
жоқ. Мектеп пе,
бала-бақша ма
шақырған ортада
енді шырқай ала жөне-

орнын толтыру үшін сахналық костюм тіктіріп жатырмын.

– Светлана Жалмағамбетова Сіздің жанкүйеріңіз болғанын айтып ағынан жарылды. Және облыс әкімі Ерлан Мұхтарұлынан Сіздің баспаналы болуыңызға көмектесуін өтініпті. Баспанадан не хабар бар?

– Бұл сөздің төркіні мынадан басталды. Сөздің шынын айту керек қой негізі. Байқау кезінде қазылар алқасы мүшелері қатысушылармен тілдесуге де болмайтын шығар. Жеңіске жетіп, шаршап отырған сәтте Әшірбек аға, Светлана, Тойған апайлармен, Қарақатпен жақынырақ таныстық. Қайдансың, кімсің, не істеп жүрген жансың дегендей сұрақтар қойылды. Сөзден сөз шығып, баспанаң бар ма деп сұрады Светлана

облысымыздың мәдениетіне өз үлестерін қосып жүрген азаматтар.

– Отбасыңыз туралы білсек?

– Құдайға шүкір мені әрдайым қолдайтын, өнерімді бағалайтын отбасым бар. Екі бала тәрбиелеп отырмыз. Үлкенім 14 жаста, кішісі 9 жаста.

– Қазақтың дәстүрлі әні деген киелі ұғым. Өзіңіздің бойыңыздағы халықтың қазыналы өнерін балаларыңызға мұра етуді мұрат етесіз бе?

– Жалпы менің отбасымда әншілік жолды таңдап, өзіме серік еткен мен ғана. Қарындасым шамалы ән салып қояды. Ағам той томалақта әу деп қоятыны бар. Дегенмен, олардың ерқайсысының өз тіршілігі, мамандығы бар. Сол сияқты менің балаларым да әнші болу шарт емес. Мүмкін олардың балалары ән ай-

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРІН НАСИХАТТАУШЫ, ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ – ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МУЗЫКАЛЫҚ МЕКТЕП – ИНТЕРНАТЫНЫҢ ӘН САЛУ БӨЛІМІНІҢ МЕНГЕРУШІСІ, И.БАЙЗАҚОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ФИЛАРМОНИЯСЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘНШІСІ – ҚОЖАНОВ АМАНГЕЛДІ ҚАСЕНҰЛЫМЕН СҰХБАТТАСУДЫҢ ОРАЙЫ ТҮСТІ.

ЕУРОПАЛЫҚТАР ТАБИҒИ МУЗЫКАНЫ БАҒАЛАЙДЫ

– Сіз Хабар арнасынан «Аймақтар аламаны» мега жобасы арқылы халық әндерді нақышына келтіре орындайтын әнші ретінде қазақ еліне танылдыңыз?

– Мен бұл жоба арқылы ғана танылдым деп айта аламаймын.

– Дегенмен, барша қазақ еліне танытқан осы жоба деп айтуға болады ғой.

– Әрине, қарапайым халыққа мені танытқан осы жоба болар. Мен оған дейін де облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатысып жүргенмін. Естай, К.Әзірбаев, Ж.Елебеков, Ә.Қашаубаев атындағы байқаулардың дипломатымын. «Ертіс әуендері» республикалық байқаудың бас жүлдегерімін, халықаралық жастар шығармашылық «Шабыт» фестивалінің дипломаты, Эстонияда өткен халықаралық фестивальдің лауреатымын.

Мен Ақкөл жайылма ауылының тұрмысымын. Бұл ауылда екінің бірі домбырамен ән салады. Ауылда Ботанай деген ағамыз болатын. Ол кісі ақын, әнші кісі еді. Бір кездері Алматыға барып, Жәнібек Көрменовтың қолында оқып жүріп, жағдайы болмай елге қайта оралған болатын. Сол кісіге қарап бой түзедік. Ағамыздан бір екі ән үйреніп алдым. Ол кісі жазып береді, мен соны жаттап алып ән айтып жүрдім. Мектеп қабырғасында «Көктем гүлі», «Әнші балапан» фестивальдеріне қатыстым. Сахнаға өнімді жаттап шығып орындап шығатынмын. Ал, алғаш сахнаға шығуыма себеп болған анам. Әкем өмірден ерте қайтты. Шешем жеті баламен отыз жеті жасында жесір қалды. Мен әнді үйде ғана айтатынмын. Бір күні анам «әкеңнің атын шығармақ болсаң үйде емес, сахнада шығар», – деп айтты. Ән айтқым келеді, бірақ қорқамын. Бір жылдай жаттап ән салып жүріп, кейін төсіле айтып кеттім.

– Әкеңіз ән айтушы ме еді?

– Әкем домбыра шерттетін. Бірақ атам Қожан әнші, жыршы болған. Атам Естаймен қатарлас өмір сүрген. Атам Естайдан шамамен жасы үлкен еді. Қожан атамыз таңнан таңды атыра отырып жырлайтын жырғау болған. Молдас құрған күйінде жылжып-жылжып отырып, таңға дейін ән салады екен. Тіпті, әжеміз «қара машина келіп, атанды Алматыға шақырды», – деп айтып отыратын. Қожан атамның Қани деген інісі болған, ол кісі жеті жасынан шешекпен ауырып, көзі көрмей қалған. Соған қарамай ол кісі шебер ұста еді. Мандалин, сырнайда ойнап, ән шырқайтын. Өз атам Нөкен ел алдына шығып топ жарып ән салмаса да шешен болған кісі. Сөзден шумақ өрнектеп, сөз майын тамызатын. Латынша, төте жазумен жазылған жазбаларын жақында тауып алдым. Көзі ашық, сауатты болған. Әкем шамалы ән айтып, әу дейтіні болған. Әншілік сол аталарым-

летінмін. Соның арқасында халыққа таныла бердік. Облыстық мәдениет басқармасының ұсынысымен менің әндерімді, мен жайындағы мәліметтерді «Хабар» телеарнасына жолдаған. Демек, жобаға кездейсоқ тап болғаным жоқ. Теле жобаға шақыртуының себебі еңбегімді еленгені шамасы. Алғашқы концертте бұл доданың жалғасы болатынын білмедік те ғой.

– Байқау кезінде Естайдың әндерін, енді бірінде Мұсаның әнін орындадыңыз. Бұл Естайдың әндеріне деген ынтызарлық па, әлде байқаудың шарты ма?

– Жобаның аты өзі айтып тұр ғой, «Аймақтар аламаны». Демек, өлкеміздің жақсыларын көрсетуді мақсат еттік. Сол себепті, Естайдың әндеріне тоқталдым. Бірінші рет Естайдың «Қорланымен» шықтым. Қазылар алқасы жақсы қабылдады. Сын ескертпелер болды. Ескертулердің болғаны жақсы. Бұл сындар бойымызды түзеу, өнерімізді ұштауымызға өз септігін тигізді. Көп нәрсе үйрендік. Телевизиялық жұмысқа қатысып, тәжірибе жинадық.

– Қазылар алқасындағы кімнің бағасы Сіз үшін маңызды болды?

– Олардың әрқайсысының бағасы мен үшін ерекше болды. Мәселен, Қарақат пен Майра апамыздың бағасы әншілік тұрғыдан, Светлана апайымыз халық адамы ретінде, Әшірбек ағамыз өнер сыншысы, Тойған апайымыз сахналық жүріс-тұрыс тұрғысынан бағалады. Біріншіден жоғары бағаға ие болғанымыз өнерді бойыма дарытқан Алланың арқасы. Содан кейін дарындылар шыққан киелі жердің топырағынан, бақ қонған жерден жаратылды. Әурақ қолдады деп ойлаймын.

– Қарақат Сіздің әр концерттегі костюміңізді ерекше бағалады. Жобаның әр концертіне костюм іздеп әлек болыпсыз? Бұл сыбыс қаншалықты рас?

– Костюм іздеуге тура келді. Өйткені, бір әртісте екі яки үш костюм болады. Тележоба болғандықтан әр бағдарламаға әр түрлі костюм кигеннің өзі қандай жақсы. Киім таңдауға талғаммен қарағаннан кейін де қазылар назарына түстік. Қызылорда облысының бір қатысушысы екі айналымда да бір киім киіп шықты. Оның өзі көрер көзге оғаш көрінді. Алайда, орындаушының әні, келбеті, тіпті дене пішініне жараса кететін сәнді киім болғаны дұрыс қой. Қазақ киімі дегенде көбісі шапан деп түсінеді. Жай бар киімнен гөрі жарасымды костюм іздегеніміз рас. Бұны біздің киім мәселесіне сақ болғанмыз деп түсіну керек болар. Ол деген облысымызда қазақ костюмі жоқ дегенді білдірмейді өсте. Аймақтар аламыннан жеңіп алған қаражатты сайысқа қатысқан өнерпаздардың мұқтаждықтарына жаратудамыз. Алдындағы кемшіліктердің

апайымыз. Мен «үйім жоқ» деп шынымды айттым. Светлана апайымыз облыс әкіміне хабарласатынын айтқан болатын. Өңгіме сол жерде қалды. Онда бізді қолдайтын ешкім болған жоқ. Мәселен, Қарақат Жезқазғандық, Светлана апайымыз Ақмола облысының, Әшірбек ағамыз Оңтүстік Қазақстан облысы, Тойған апайымыз Алматы облысының тумалары. Светлана апайымыз жанкүйер болса, болғанда шығар. Кейін бір шара барысында Ерлан Мұхтарұлы маған Светлана апайымыздың шын хабарласқанын айтты. Құдай қаласа осы жылы баспана мәселесін шешілетінін өзінен де естідім. Оның үстіне мен үй кезегінде тұрмын. Өнерлі азаматтарды өсіретін, өшіретін де бір ауыз сөз ғой.

– Бұйыртыса, кезегім келіп қалады демекшісіз бе?

– Ия, бәрі заңның аясында іске асатын дүние ғой бұл. Мен ешкімнің алдына барып, жағдайымды жөндеп алуға тырысқан емеспін. Біздің жақтың халқы негізі аршыл келеді. Міне, қанағатшылығымыз арқасында бір жерде бірнеше жыл жұмыс жасап келемін. Музыкалық колледжде жұмыс істеп келе жатқаным 13 жыл болды. Бұл да еңбектің бағаланғаны болар.

– Ертеректе қазақ сері, жырау, жыршыларға ат мінгізіп, соңына түйе байлатып, той-томалақтан сый-сияпатсыз жібермегені тарихтан білеміз. Сіздің өнеріңізді бағалап жатса несі айып?

– Қанына қазықылқ сіңген азаматтарымыз бүгінде көп емес. Біздің жақтың азаматтары байсалды келеді. Ешкімнен сұрай қоймайды, ешкімге бара қоймайды. Қалталы жомарт жандардың қазақ өнерін түсініп жатқаны да шамалы. Жалпы, бүгінде ешкім ешкімге қарыз емес қой. Әркім өз шаруасын атқарып жатыр. Ерқайсымыз өз тарапымыздан өз ісімізбен елімізге қызмет етудеміз. Мысалы, облыс әкімі Ерлан Мұхтарұлы өңіріміздің мәдениетін, қазақ өнерін қолдауда көп еңбек етті. 16 жылдан бері жабылған И.Байзақов атындағы филармонияны ашып, аймағымыздың қазақ өнерсүйер жұртын мәре-сәре етті. Иманжүсіптің 150, Естайдың 140 жылдың тойлағалы жатыр. Ерлан Арын облыстың бағына біткен азаматы деп есептеймін өзім.

– Елге жеңіспен оралғаннан кейін не өзгерді?

– Ия, сіздің айтпағыңыз «жұлдызды ауру» турасында ғой. Бұл дертпен ауыратын жастан өтіп кеттік пе деп ойлаймын. Халық өнерімді бағалап жатса, ол да менің пешенеме жазылғаны болар. «Мен жеттім», «толдым», «мен» дегенге ауызым бармайды. Ал «Аймақтар аламанындағы» жеңіс – командалық жеңіс, халықтың жеңісі. Құдайға шүкір, бүгінде шәкірт тәрбиелеп жатырмыз. Асылбек Сапарбек, Бекзат Әбілдин, Дина Назарбекова, одан өзгелері қаламыздың,

туды жанына жақын тұтар. Қандағы бар қасиет бір ұрпақтан, бірнеше ұрпақтан кейін де қайталануы ықтимал. Үлкен балам сурет мектебіне барады. Бастысы, түйсігінде қазақылығы басым болып, қазақы классикалық өнерді бағаласа, түсінсе, сүйсініп тыңдаса бұның өзі жеңіс.

– Өмірлік ұстанымыңыз?

– Адалдықты бағалаймын. Өнерге тазалық, адалдық қажет. Алланың берген өнерін өсіріп кейінгі ұрпаққа жеткізу, атадан қалған өнерді жалғастыру мақсат.

– Ән қорыңызда қандай әндер бар? Кімнің әндері жүрегіңізге жақын?

– Жалпы өзіме жақын Естайдың әндері. Оның әндерін сүйіп айтамын. Естайдың «Қорланы», «Бір мысқал», «Гауһартас», Т.Рахимовтың «Керім-айы», Салықовтың, І.Жақановтың кейбір әндерін орындап жүрмін.

– Сіздің өнеріңізге, жеңістеріңізге жерлестеріңіз шын қуанды. Қазақтың дәстүрлі ән өнері кез келген қазақты бейжай қалдырмағаны да анық. Эстраданы тыңдауға жанымыз жақын. Дегенмен, дәстүрлі әнді тыңдаған қазақ селт етпей қоймады деп ойлаймын.

– Оның сыры мынада ғой. Қазақтың атасынан келіп жеткен өнердің құдіреті бар. Мысалы мен 2005 жылдары Эстония еліне бардым. Тіпті Эстонияның бірінші ханым отырды сол концертте. Мен шығып Естайдың «Қорланын» айтып болғаннан кейін зал дамылсыз шапалақ соғып тұрды. Басымды иіп шығып кеттім. Жүргізуші тағы ән салуымды сұрады. Содан «Аққурайды» айттым. Зал тік тұрып, алғыстарын білдірді. Үшінші рет те сахнаға шығуымды өтінді, бірақ мен қайта шығып ән салуға жүрексіндім. Қобалжығаннан диафрагма өзгеріске ұшырағаннан кейін ән айту қиынға соғады. Бірақ сол сәттегі ән салғандай орындау қайта қайталанбады. Демнің күш-жігердің қайдан келіп жатқанын түсінбедім. Сол ән деп түсті. Көрермен ерекше құрметке бөледі, эстондықтар өнерімді шын бағалады. Еуропалықтардың табиғи музыкалық дыбысқа деген сағынышы ма, шын дәстүрлі дауысты бағалағаны ма білмедім, шын ләззат алды орындаудан. Ән орындап тұрғандағы әрбір тебіреністі тұла бойынан өткізіп, демімен қабылдап жатты музыканы. Көрерменнің сенімен бірге ән айтып отырғанын сезіну бір ғанибет. Тілді білмесе де, музыканың өзінің құдіретті тілінде бойына сіңіріп жатқанын сезіндім. Бұндай кездерде орындау шеберлігі арта түсетін болар.

– Музыканың шексіз құдіреті болатынына тағы көзіміз жетті. Қазақтың дәстүрлі дүлдүл әншілері барда қасиетті қазақ өнерінің әлем классикасынан орын алатыны да сөзсіз. Тағылымды да тартымды әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Жанар ЕЛЕШОВА

Жаратқаннан басқа кім қорған болмақ?

«Көз тимесін», «сөз тимесін» - деп жатушы еді апа-әжелеріміз. Бұл ежелден келе жатқан наным - сенім түрі. Біреулер тек жаратқанға сеніп, басқасы мұны басты қатырғандық десе, енді бірі жанын сала сеніп жатады. Сонымен, көз тию наным - сенімінің бүгінгі қоғамдағы маңызы қандай? Әлде адамдардың санасындағы өзін-өзі сендіру арқылы жеткен алдамшы сезім бе? Осы сұрақтар төңірегінде сөз өрбітсек.



Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) көз тиюге байланысты былай деген екен: «Егер сендерден кісі ағайынының, не өзінің, не мал-мүлкінің өзіне қатты ұнағанын сезсе, оған берекет тілесін. Өйткені көз тию бар нәрсе». Адам баласы дүние есігін ашқан сәттен бастап оны әр түрлі адамдар қоршайды. Біреулер сұқтана қараса, енді біреулер сүйсіне қарайды. Араб халқында «көз түйені қазанға, батырды қабірге түсіреді» деген мақал бар екен. Яғни, адамға біреудің көз тиюі бұрыннан келе жатқан мәселе. Мысалы, қонаққа барған сәтте міндетті түрде кішкентай нәрестенің маңдайына күйе жағып қояды. «Көзі жаманның көзінен, сөзі жаманның сөзінен сақтасын» деген мақсатта сәбилердің маңдайына қара май жағып, үстіне көз моншақтарды таққылай бастайтын да біздің халық. Көбіне адамға көз тиген сәтте иманға барып, дұға оқытады. Ауылдағы көпті көреген әжелерімізге ұшықтататын әдіс - тәсілдері ежелден белгілі. Жалпы, көз тию дегеніміз бір адамның бір адамға биоэнергетикалық әсері. Тамсану, сұқтана қарау сынды белгілер көз тигізуге жақын. Себебі, кейбір адамдардың көзі өткір келеді.

Жаһан тәжірбиесінен

Әлемде көздің өткір нұры болатынына, оның адамға тиетініне Еуразия, АҚШ, Канада, Африка, Түркия, Иран, Үндістан елдерінің көп халқы иланады. Көз тиюге сену Монголияда, Жапонияда, Қытайда сирек

кездеседі. Соған қарағанда, көз тиюге байланысты таным, түсінік әрқилы. Оны мына деректерден-ақ айқын аңғаруға болады: эфиоптар ерекше қоғамдық топтағы адамдарға ғана көз тиеді деп ойласа, үндістер адам түгілі, аруаққа, жануарларға да көз тиеді деп есептейді. Гректер шайтанның көзінен сақтанса, орыс жерінде халық ежелден-ақ қылы көздер мен қарашығы төменде орналасқан көздерден қауіптенген. Оңтүстік елдерде көкшіл көзді адамдарды ұнатпаса, Солтүстік елдердің халқы қара көзді адамдардан сақтанады. Ал, шведтер болса, лопарліктерді шайтан санайды, лопарліктер шведтерді солай деп ойлайды. Зерттеушілердің пайымдауынша, көздің өткірлігіне, оның тиетініне, яғни құпия күштің сиқырлап тастайтынына ежелгі египеттіктер өте қатты сенген көрінеді. Содан олар түрлі көз бояғыш бояулар мен далаптар ойлап тауып, қолданған. Оны жағып, жақсылық әкелмейтін көздің нұры көз бен ауыздан өтпесін деп қамданыпты. Христиан дінінің кітаптары - «Көне өсиет» пен «Жаңа өсиетте» де өткір көздің қасиеттері туралы жазылғандығы «Інжілде» де айтылады.

Халық наным

Көз тиюге қатысты қазақ ырымында нәрестені тіл-көзден сақтау үшін оның бесігіне, киіміне тұмар ретінде жыланның басын, үкінің талын, тоғыз моншақ күміс тиындарды іліп қояды. Егерде адам «көз тиді» деп көңілге алса, бұрындары сол көзі тиді деп секемденген адамның үйінен бір нәрсені әкеліп түтететін болған. Халықтың ежелгі сенімі бойынша, солай жасаса ғана қарсы күштердің беті қайтады, баланы тіл-көзден сақтайды.

Көңілге алу

Кейде жөн-жосықсыз сөйлей беретін әйелдер немесе сондай мінезді еркектер біреудің томпақ нәрестесін көрсе, «балаң балпақтай екен», - деп тамсанып та қалады. Мұндай жағдайда сәбидің ата-анасының бұл сөзді көңіліне алып қалуы мүмкін. Егерде әлгі сөзді нәрестенің ата-анасы көңіліне алып қалса, іле-шала сол адамға түкіртіп алады. Қазақ халқы қашаннан «көзінде қалы бар адамның қарағаны тегін жібермейді» деп, үйіне осындай белгісі бар қонақ келсе, одан сақтанады.

Түкірудің сыры

Халық сенімінде жас сәбиді көз тиюден емдеуді - «үшкіру», «түкіру» деп атайды. Көптеген халықтар бірқатар магиялық және діни әдет-ғұрыптарды орындағанында түкіру, үшкіруді кеңінен қолданады. Бақсылар ғана емес, ел ішіндегі тәуіптер де ауырған адамды сумен үшкіріп, оған, оның жан-жағына түкіру шарасын жасағаны белгілі. Олар осылай істесе, ауру адамның бойын жайлаған жың-шайтанды қашырып, дертінен аластауға болады деп ойлаған, оған халық та сенген.

Түйін. Арнайы көз моншақ тағып, көз тиеді деп қорқудың да қажеті жоқ. Ең бастысы жүрегіңізде иман нұры себелеп, жақсыға деген үмітіңіз басым болса, көз моншақтың да қажеті бола қоймас. Дегенмен, адам жанының құпиясын зерттеушілер тәрпынан көз тию тәрізді қазақ халқының ежелгі наным-сенімін терең талданған еңбектер жоқтың қасы.

Назгүл РАБИЛОВА



Нариман ИСЕНОВ, Павлодар облысының М.Ж. Көпеев атындағы мешітінің бас иманы

Көз тию жалпы ежелден келе жатқан наным - сенім түрі ғой. Ислам дінінде пайғамбарымыздың хадистерінде де көз тию жайлы жазылған. Көпшілік қауым бүгінгі күні ырымға сеніп кетіп, дұға қылу, сыйынуды ұмытып бара жатыр. Осы көз тиюден сақтанудың бірден бір жолы Құрандағы «Ықылас», «Нас», «Фәлаһ», «Аятұл күрсі» сынды сүрелер адамды қорғап жүреді және осынау тірлікте сиқыр, көз тию деген нәрселер бар. Ол үшін бес уақыт намаз мазымызды оқып, жақсы ниеттер тілеп, киелі аяттар оқуымыз керек. Осындай жағдайда адамға тіл-көз де тимесі хақ.

ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ – МЕЙІРІМДІ МАМАНДАР ҚОЛЫНДА

САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

Бүгінгі күні денсаулықты дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Аталмыш бағдарламаның негізгі мақсаты елдің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін азаматтардың денсаулығын жақсарту. Сонымен қатар, бағдарлама диагностиканы жетілдіруге, негізгі әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу мен оңалтуға, денсаулық сақтау саласының бәсекеге қабілетті жүйесін қалыптастыруға ықпал етуді т.б. міндеттерді жүзеге асыруды көздейді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне сүйенсек жерді мекен ететін халықтардың денсаулығы мез емес. Мәселен, бір құрт ауруымен жыл сайын әлемде 8 миллион 400 мың адам сырқаттанып, 2 миллионы адам өмірімен қоштасады екен. Ем қабылдамайтын әрбір науқас 10 адамнан 15 адамға дейін ауруын жұқтырып үлгеретінін ескерсек, дүниежүзінде әрбір минут сайын 1 адам осы кеселдің құрығына ілініп жатады. Республика медицинасын туберкулезге шалдыққандардың 75 пайызы 20 мен 40 жас аралығындағы адамдар екені алаңдатады.

Бұл көрсеткіштердің өздері сөйлеп тұр. Әрбір қазақстандық азамат емханаға бара жатып, ауруына дәру іздеп барады. Шипа іздеп барған жан, өзге де дертті жамыла қайтатыны бүгінде бізді таңғалдырмайды. Қайткенде қазақстандықтардың тұрмыстарын салауатты, денсаулықтарын саламатты етерміз деп бас қатырып еңбек етіп жүрген қызметкерлердің жұмысын бір сәтте жуып шаятын медициналық қызметкерлер де аз емес. Денсаулық саласы мамандарының барлығына күйе жаққалы тұрғанымыз жоқ. Дегенмен, кез келген медициналық мекеме өз мамандарының кәсіптік қабілетіне ғана емес, көпшілікпен жұмыс істей алу қабілетіне де аса көңіл бөлгені абзал. Көп жағдайда дәрігерлер бізге емделудің негізгі парасы - 50 пайыз дұрыс диагностика жасалғандан десе, 50 пайызы дәрігердің науқаспен мейірлене әңгімелесуі мен ауруының шипасының болатынына деген сенімді ұялата білгенінде дейді. Бұл емдеу үрдісін ғалымдар іс барысында ақ дәлелдеген.

Павлодар қаласының №2 қалалық емханасына жолымыз түсіп, флюорография бөлмесіне беттедік. Уақыты келіп есіктің арғы жағынан қаһарлы дауыс естілді. Алғашқы екеуі «ақылы» түрдегі пациенттер екен. Түрі суық ақ халат киген әйел шығып, ақысын бергендер ғана кіреді деп дүре соқты. Өз кезегімен кірген тегін жолдамасы бар адамға аузына келгенін айтып, бөлмеден қуып шықты. Тіркеу бөліміндегі маманның да сөзін құлақ асар кісіні көрмедім. «Біздің өз заңымыз бар» деп әріптесіне де дес бермеді. Дәрігерден ақысыз жолдама

алып келетін кімдер деп ойлайсыздар? Қартайған әже, аталарымыз, ауруы мазасын алып отырған науқас жандар. Бейнетінің зейнетін көріп жүрген шағында есікке телміртіп кезекке тұрғызып қойдық оларды. Оларға жасалған қызмет «тегін» деген желеумен сонша қорлық көрсетуге бола ма? Сол науқасқа қызмет еткені үшін мемлекет қыруар қаржы бөледі. Қаусаған қарттан, дертінен меңзең жүрген аурудан ақша алмадым деп итше арпалысып, жүйкесінің сау қалған жасушаларын ада етті маман сымақ. «Сіздерде ақы төлегендер кезексіз қабылдана ма сонда?», деген сауалымызға «ия» деді шімірікпестен. Қазіргі таңда Қазақстанда егде жастағы адамдар барлық халық санының 7,7%-дан астам. Ақ самайлы жандардың санын арттырамыз деген ниеті де жоқ емес мемлекеттің. Оларға медициналық көмек көрсетуді жақсарту үшін республикада геронтологиялық көмек жүйесін құру қажет екендігін «Саламатты Қазақстан» бағдарламасында да қарастырылған. Алайда, біз қарттарға арналған бір жүйенің жұмыс жасалып жатқанын байқай қоймадық. Қалтасы қалың азаматтарды кезексіз өткізіп, қуана қарсы алғандарына қарағанда осындай ой келді еріксіз.

Жақында Дүниежүзілік денсаулық күніне орай ұйымдастырылған баспасөз маслихатында Туберкулез мәселелері жөніндегі ұлттық орталық директоры Тілеухан Әбілдаев өз сөзінде «Соңғы 5 жылдың ішінде біз туберкулезбен алғашқы науқастану, сырқаттану көрсеткіштерін 35 пайызға азайта алдық», - деп жар салды. Бұл сынды көрсеткіштер медициналық

қызметкердің сапалы қызметінен басталатынын кейбір ақ халат киген пенделер біле бермейтін секілді. Орталықтың директоры: «Әрбір адам жылына бір рет флюорографиядан өтуі тиіс. Ауруды асқындырып алмай, дер кезінде емделу қажет. Қазақстандағы әрбір азаматқа туберкулез ауруы бойынша тегін емделіп, диагностика жасата алады. Сондықтан алдын ала тексеруден өтуді әркім өзіне міндет етіп алса екен дейміз», - деген сөзі есімізге оралды. Жылына бір рет барғанда дәрекілікпен қарсы алып, балағатпен шығарып салса науқастың несі қалады?! Қазақтың онсыз да «өлсем де дәрігердің қолында өлмеймін» психологиясымен күресіп жүргенімізде осы сынды олқылықтар жығылған үстіне жұдырық болары даусыз. Әріптесінің сырқаттанушы қолына тегін жолдама беруінің маңызды себептерін бар екенін флюорография кабинетінің патшайымы елемегені бізді қынжылтады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының пайымынша әлемде туберкулез дерті АҚТҚ/ЖҚТБ ауруынан кейінгі екінші орында екен. Жаһанды жаулап алған аты жаман аурумен қарсы күресіп жүрген мамандар өкпе дертімен сырқаттанушылардың саны жылдан жылға төмендейді деп болжауда. Лайым солай болғай! Тек мемлекеттік, қарапайым халықтық мүдделермен санаспайтын медициналық қызметкер қабілетті әрі жас мамандарға орнын босатқаны құп болар. Біз куә болған оқиғадан кейін-ақ халаттыларды електен өткізу мәселесі ілмекке ілінуі тиіс.

Ерке ДУЛАТҚЫЗЫ



ҚАЗАҚТЫҢ САЙЫН ДАЛАСЫН ТОЛҚЫН ЖАЛЫ ЖЕЛБІРЕП ОЙНАҚТАҒАН ҮЙР-ҮЙР ЖЫЛҚЫЛАРСЫЗ ЕЛЕСТЕТУ МҮМКІН ЕМЕС. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҮШІН ЖЫЛҚЫ ЖАНЫ ДА, БАРЫ. ҚАСИЕТТІ ЖЫЛҚЫ МАЛЫ ЕР ЖІГІТТІҢ АРЫНА, БІР ӘУЛЕТТІҢ БАҒЫНА САНАЛДЫ. ҚАМБАР АТА ТӨЛІН ЗЕРТТЕП ҚАЗАҚТЫҢ ПӘЛСАПАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫН ТАНЫП БІЛУГЕ БОЛАДЫ ДЕЙДІ ЖЫЛҚЫ СҮЙЕР АЗАМАТТАР. АСЫЛЫНДА ҚАСИЕТКЕ ТАНЫЛҒАН ЖАНУАР ӨЗ ҚАДІРІН МІНЕЗІНЕН ТАПСА КЕРЕК. JAҚСЫ АДАМДЫ ҚАЗАҚ «ЖЫЛҚЫ МІНЕЗДІ» ДЕУІНІҢ СЫРЫ ОСЫНДА ЖАТЫР АУ ШАМАСЫ. ТҰЛА БОЙЫ АДАМ БАЛАСЫНА ДӘРУ МАЛДЫ АЛҒАШ РЕТ ӨЗІНЕ СЕРІК ЕТКЕН ДЕ ДАЛА КӨШПЕНДІЛЕРІ ЕКЕН. ОҒАН ҚАСИЕТ ДАРЫ-ТЫП, ОЛАРСЫЗ КҮНІН ҚАРАҒА БАЛАҒАН КӨРІНЕДІ ҚАЗАҚТАР.

ҚАСИЕТІҢНЕН АЙНАЛАЙЫН ҚАМБАР АТА!

ЖЫЛҚЫ МАЛЫ АЛҒАШ РЕТ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ҚОЛҒА ҮЙРЕТІЛГЕН

Жылқы малы алғаш рет Еуропа мен Монғолияда емес, қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілген. Солтүстік Қазақстан облысындағы қазба жұмыстары кезінде ежелгі ыдыстардан қымыз қалдықтарын тапқан археологтар осындай тұжырым жасап отыр. Бұл жаңалықты британдық ғалымдар жаһанға жар салды. Дүниежүзінің ғалымдары үшін 1980-ші жылдарда Ботай қонысында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде (б.з.д. IV-мың жылдықтың аяғы – III-мың жылдықтың бас шенінде) энеолит дәуірінде пайда болған ежелгі жылқышылар мекені әлемдік маңызы бар археологиялық нысан болды. Бұл жерден табылған көп сүйектердің қолда ұсталған ері қолда үйретілген жылқылардікі екені анықталды. Мәселен, жабайы жылқылардың табиғат апатынан немесе ауру мен жаппай індет шалған жылқы үйірлері, жоқ дегенде он шақтысы бір жерден сүйектері табылады. Жылқы сүйектерінің көптігі соншалық, ботайлықтар сүйектерді құрылыс материалы ретінде баспана, қора-қопсылардың қабырғасын бекіту үшін пайдаланған. Петропавл маңындағы ботайлықтардың ежелгі мекенінде қазба жұмыстары осыдан 30 жыл бұрын басталған. Сол кезден бері 200 мың көне заттар табылған. Жәдігердің сараптамасы Ұлыбританияның Бристоль университетінде жүргізілді. Өйткені елімізде мұндай зерттеумен айналысатын биохимиялық зертханалар жоқ екен. Бұл құнды қазбалар жөнінде Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы, белгілі археолог В.Зайберт былай деп тұжырым жасайды: «Бұған дейін жылқы Орталық Еуропа мен Монғолия аумағында қолға үйретілген деп келдік. Бірақ бұл болжамдар дәлелденбеген болатын. Ботайлық жылқы үй жылқысының арғы тегі болып саналады. Құман ішіндегі май молекулалары қымыздікі екені дәлелденді. Ал асау биені сауу мүмкін емес».

ҒАЛАМДЫ ШУЛАТҚАН ЖАҢАЛЫҚ

Адамзат тарихындағы сенсациялық жаңалықты ашқан шетелдік ғалымдар 1994 жылдан бері Солтүстік Қазақстан облысындағы өлкелерде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келді. Өркениет тарихында жылқылар алғаш рет қазіргі Украина топырағында қолға үйретілді деген де болжам болған бұдан бұрын. Алайда, соңғы зерттеулердің қорытындысы жылқы қолға үйрету өркениеті Азиядан басталғанын көрсетуде. «Жылқы ғалымдар ойлағаннан екі мың жыл бұрын қолға үйретілген» атты мақала «Horse» атты ағылшын тіліндегі журналда жарық көрген. Мақала авторы Кимберлей Броун «Лос Анжелес Таймс» газетіне сілтеме жасай отырып, жылқылар еуропалықтар ойлағаннан екі мың жыл бұрын ерте қолға үйретілгенін мәлімдейді. Кейін, «Жылқы қолға үйретілді. Бие байлау Қазақстанда басталған» атты мақала «National Geographic News» атты ғылыми бағылымда жарық көреді. «Қазіргі күні Қазақстан деп аталатын далалық өлке тұрғындары алғашқы болып жылқыға мініп, оның сүтін ішкен. Бұл мәдениет 5500 жыл бұрын басталған» деп хабарлайды басылым. «Олар жылқының етін жеп қана қоймай, сонымен қатар оның сүтін де тағам ретінде пайдаланды» дейді археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген, Ұлыбританиядағы Эксетер Университетінің қызметкері Алан Оутрам. Қазақ жерін осыдан 3600-3700 жыл бұрын ғалымдар жылқы малын Ботай халқы бірінші болып қолға үйретті деп санайды. Ботайлықтар Есілдің жағасын мекендеп, жылқының етін жеп күн кешкен. Ғалымдар жылқы сүйегінің бір жерде шоғырланғанына қарап, ботайлықтар жылқы малын будандастыруды да меңгерді деген тұжырым жасайды. Оутрамның осы пікірі «The Science» журналында жарық көрді. Кейбір жылқының тістері мүжілгені, оған сызат түскені де байқалған. Осыған қарап, жылқының мініске пайдаланғаны, ауыздықталғаны анықталды. «Егер биені сауып, сүтін алған болса, бұл жылқылар жабайы емес деген сөз. Яғни қолға үйретілген» дейді осыған орай Нью-Йорк қаласындағы Хартуик университетінің зерттеушісі Давид Антони. «Біз тапқан жаңалықтан байырғы адамдар бұл ойлағаннан да өнертапқыш екенін көріп отырмыз» дейді ғалым.

ЖЫЛҚЫ – МАЛДЫҢ ПАТШАСЫ

Қазақ жерін мекен еткен тайпалар жылқыны ерекше құрметтегенін археологиялық қазба жұмыстарынан да, халық фольклорынан да аңғаруға болады. Сақтар кезеңінде

қазақтың атқа деген құрметтілігі арта түскен. Себебі, сақтар ат құлағында ойнауды өнердің биік шыңына жеткізе білген бірден бір ел. Олардың ерлері ғана емес, әйелдері мен бүлдіршіндері де ат жалынында ойнақтаған. Балалары ат үстінде соғысу тәсілдерін жастайынан меңгеріп, қараған адамға қорқыныш ұялатқан мыс. Сақтардың жорықтарынан кейін атпен бірге жаратылған кентаврлар туралы аңыз қалған. Қалай болған да, жылқыға салт мінуді қас өнер шыңына жеткізіп, оны әскери әдіс-тәсілдермен шебер ұштастыра білген сақтар өз заманының қуатты еліне айналған. Олар өздерінің жаңа жерлерді жаулап алуына, тіршілікке қажетті байлықтарға кенелуіне жағдай жасаған жылқы баласын аса құрметтеп, жан серігі санаған. «Олар аттарына да мыстан кеудені жауып тұратын сауыт кигізеді. Ал, жүгендерін, шылбырын алтынмен әшекейлейді», – деп жазады ежелгі грек тарихшысы Геродот. Сақтардың патшалары, қолбасшылары мен батырларының тек өздерінің бас киімдеріне ғана емес, мінген аттарының төбесіне де лауазымдық белгі – жыға тақаны туралы деректер де бар. Олардың қайтыс болған хандарын, ханзадалары мен батырларын т.б. жерлегенде, оның жан серігі болған атын жанына бірге қою ғұрпы да «иесіне аты о дүние де серік болады» деген сенімнен пайда болса керек. Бұға айғақ болатын 1999 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Қатон-Қарағай ауданы, Бірел ауылының маңынан табылған 72 бейіт. Көзге түскені сақ көсемі мен оның атының алтынға малынып тұруының өзі әлемдік кереметтерге баланды.

ҚАЗАҚ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ БАС КЕЙІПКЕРЛЕР

Қазақтың қай ертегілері мен аңыздарын, жырлары мен дастандарын алсаңыздар да жылқы малының қасиеттілігін жырлаған. Бас кейіпкердің жан серігі, ақылшысы, кейде тіпті сиқырлы кейіпке еніп иесін қамқорына бөлейтін де осы жануар. Жылқы ешбір өзге ұлттың ертегі, дастандарының басты кейіпкері етіп жылқыны нысана еткенін еш жерден оқымасыңыз анық. Бас кейіпкерге елеулі есім беріп, құрметке бөлегені қазаққа тән мәдениеттің нышаны болғаны рас.

АТ ҮСТІНДЕ СЕРУЕНДЕУДІҢ ШИПАСЫ БАР ЕКЕН

XX ғасырдың ортасында атпен емдеу тәсілі пайда болды. Бұл шипалық әдісті «иппотерапия» деп атайды. Жылқыға салт мінудің денеге шипа екенін ежелгі дәуірлік адамдар да білген. Бұл туралы Антипа мен Парацелстін еңбектерінен танысуға болады. Ал, бүгінгі заманауи зерттеулер атқа салт мінуді қан айналымына, ас қорытуға, нервтік, тыныс алу мен эндокриндік жүйеге оң әсері бар екенін дәлелдеді. Сонымен қатар, ат жалынында отырып серуендеу стресстен емдеп, жақсы көңіл күй береді. Атпен серуендеу – адамның барлық бұлшық еттерінің жұмыс жасауына ықпал етеді. Бұлшық еттердің нығаюына бұлшық еттік корсеттің қалыптасуына, өне бойдағы шаршағандықты алып тастауға дауа болады екен. Тіпті, отадан кейінгі оңайлану кезеңдерінде де науқас ат үстінде серуендесе, денсаулығын тез қалпына келтіреді.

ЖЫЛҚЫНЫ ЕРТТЕУ – АДАМЗАТ ТАРИХЫНДАҒЫ ҮЛКЕН ТӨҢКЕРІС

«Мен үшін жылқы малының қолға үйретілуі адамзат тарихының бүршік жарған кезімен тең. Ескендір, Шыңғыс хан тәрізді шапқыншылардың барлығы дерлік жылқы малы болмаса, түк те істей алмас еді» дейді Кимберлей Броун «Лос Анжелес таймс» газетіне берген мақаласында. Қазақстанда әлі күнге дейін жылқының сүті қымыз ретінде пайдаланатыны белгілі дейді шетелдік ғалымдар. «Бұл жайттың өзі қымыз дайындау қазақ даласында сол кезден бері үзілмей жалғасып келе жатқанының айғағы» дейді ғалым. Адамдардың жылқы малын қолға үйреткені емес, бірінші кезекте оны көлік құралы ретінде тұтынғаны тарихи маңызды. Себебі адамдар жылқыны ерттеп мінгеннен бастап, адамзат тарихында үлкен төңкеріс жасалды.

ЖЫЛҚЫ ЕТІ БЕЛСІЗДІКТІ ДЕ ЕМДЕЙДІ

2000 жылы неміс ғалымдары жылқы етінің жүрек, қан тамыр ауруларына дауа болатын бірден-бір тағам екенін жер көкке жария етіп жүр. Осы жаңалықтардан кейін Вердер қаласында арнайы жылқы байлап, еті мен қымызын науқас шипасы үшін пайдаланатын шипажай ашқан екен. Емделушілер қатары көбейіп, істері алға басқан немістер қымыздың сырын біз аштық деп жаһанға паш етуде. Онысын патенттеп те алады.

Жылқы еті мен сүті жүрек, қан, тамыр, ауруларына, бүйрек

жұмысын жақсартуға, буын сүйектерінің сырқырауына, ағзаның дұрыс жұмыс жасауына дауасы мол. Жылқы өнімдерінің ағза жасушаларын жаңартып отыратын қасиеті дәлелденген. Демек, қартайудың процесін тежейтін қасиеті бар деген сөз. Тіпті ертеректе жылқы етін жуған суға қыз-келіншектеріміз басын жуған көрінеді. Шаштың берік болып өсуіне шипалы су басқа да ауруға ем екен. Мәселен, таз бастықтан, тері аурулары, белсіздіктен қорғайды. Ал, ұмытшаққа дәру жылқының жүрегі. Мидағы миллиондаған жасушаларды жаңартып, есте сақтау қабілетіне жауап беретін талшықтарға сеп береді. Жылқы жүрегімен астану мидың ұзақ уақыт мүлтіксіз жұмыс жасауына жол ашды. Ал, сүрлеген жануар еті бүйрек пен несеп жолдарының жұмысына оң ықпал етеді екен. Инфаркт ауруына алып келетін холестериннің мөлшерін азайтып, қан қысымының жоғарылауын тежейді. Негізі жылқы майының құрамында тін жасушалары мен жілік майын жақсартатын пайдалы элементтер бар. Яғни сүйек пен буынның берік болуына өзіндік себін тигізеді.

АС АТАСЫ – ЖЫЛҚЫ МАЛЫ

Қазы мен қарта, жал мен жая – ас төресі. Қазақ тағамтану академиясының академигі Төрегелді Шармановтың пайымдауынша, қазы-қартаны сіңімділігі және ағзаға пайдалылығы жағынан қазақтың қазысымен иық тіресе алатын тағам түрі жер бетінде жоқ. Жал мен жаяның бойында да түрлі дәрумендер көп. Мамандар бұл тағамдарды көбіне спортпен айналысатындарға жеуге кеңес береді. Термен шығып кететін кейбір элементтердің орнын толтыратын бұл тағамдар жуырда престелген күйінде айға ұшатындар үшін де дайындалмақ. Қазақ тағамтану академиясының президенті Т.Шарманов: «халық медицинасы қыста жылқы етін жеген адамдардың көп тоңбайтынын айтады. Топырағы құнарлы, шөбі шүйгін өлкеде қазекем қашаннан төрт түлігін бағып, қазы мен қартасын кертіп жеп, қымызын сапырып отырған. Бүгінде ата кәсіпті жалғастырушылар көп. Бірақ нарықтық заманның әсері ме, ет жеп ұрты майланатын отырған қазы отбасылары аз. Сондықтан біздің елімізде ұлттық тағамды жаңғырту академиясы құрылуы керек дер едім. Сонда біз ұлттық тағамдар арқылы тектілігімізді арттыра аламыз», – деп ағынан жарылды.

ЖЫЛҚЫ МИНИСТРЛІГІ БАР ЕЛ

Ұлыбритания мен Американың ғалымдары осыдан 5500 жыл бұрын алғашқы жылқының өзге емес, дәл осы қазақтың қасиетті жерінде пайда болғанын дәлелдеп шығып, күллі әлемге мойындатып отыр. Солай болса да елімізде жылқымен айналысып, жүйрік баптап жүргендерге мемлекет тарапынан еш жағдай жасалмайтын көрінеді. Мысалы, Түрікменстанда жыл сайын дәстүрлі жылқы мерекесі тойланады. Ақалтеке жылқысы тұқымының бұзылмауын олар қатты қадағалайды. Бұл елде тіпті жылқы министрлігі де бар. Ал бізде жылқы шаруашылығын зерттейтін бір де бір институт жоқ.

ЖЫЛҚЫ ҚАСИЕТІ

Жылқы терісінің қасиеті жоғары. Оның терісіне жылан жоламайды. Атты адам далаға қонғанда, ер тоқымын жайып тастап ортасына ұйықтайды. Жылқыда өт болмайды, соңдықтан күйіс қайырмайды. Киіз үйге құмырсқа көбейіп кетсе, жылқының екі тезегін байлап, уыққа іліп қояды. Аты сүріншек болады деп, балаға тәтті сүріншек жегізбейді.

Түйін. Желмен жарыса шапқан жылқылар туралы аңыз да көп болды, түлікке төнген қауіпте аз болмады. Соғыс пен жау оғынан қаншамасы қырылды. Одан кейін жүгері жауы деген желеумен аттарды қырып тастамақ болған Хрущевшілердің өрекеттері Д.Қонаев араласып, жылқыны аман қалдырады. Соған қарамастан, Қазақстан жылқы саны бойынша әлемде үшінші орында. Алдыңғы қатардан бой түзесек те шетелге жылқы етін экспорттауға әлі де шамамыз келмей отыр. Ат басында ойнаған атаның ұрпағы ат үстінде ойнамақ түгілі соңғы жылдары жылқыны тамашалауға зар болды. Қазақтың басынан қлы заман өтті, жау тұяғы тап-тады, дұшпан сөмсері сермеді. Жазиралы кең даланы ұрпағына сақтап қалуы үшін қасиетті жылқы малының рөлі де орасан болды. Ал қырық жыл қырғынында айрылмаған Қамбар ата төлінің қасиетін тәуелсіз ел ұландарына аманат ету бізге парыз!

Жанар ЕЛЕШОВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая

Тілшілер: Ұ. Төлеу, Н. Рабилова, А. Солтан.

Ақылдастар алқасы:
Қ.Алдабергенов, Ж. Бижан, А.Тойшыбайұлы, Г. Кенжебалина.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64, каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г күзлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 3575